Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 6 (1165)

09.02.2024

alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

АҚОРДА

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ

Үкіметтің кеңейтілген отырысын өткізді

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ЖИЫНҒА ПРЕМЬЕР-МИНИСТР ОЛЖАС БЕКТЕНОВ, ПРЕЗИДЕНТ ӘКІМШІЛІГІНІҢ БАСШЫСЫ АЙБЕК ДӘДЕБАЕВ, ҮКІМЕТ МҮШЕЛЕРІ, ҰЛТТЫҚ БАНК ТӨРАҒАСЫ, АСТАНА, АЛМАТЫ ЖӘНЕ ШЫМКЕНТ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ, СОНДАЙ-АҚ ОБЛЫСТАРДЫҢ ӘКІМДЕРІ, ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ЖЕТЕКШІЛЕРІ ҚАТЫСТЫ.



Мемлекет басшысы жиында былтыр атқарылған жұмыстар қорытындыланып, алдағы кезеңнің басты міндеттері айқындалатынын атап өтті.

– Жалпы, өткен жылы экономикамыз 5,1 пайызға өсті. Ең бастысы, еліміздің даму қарқыны бәсеңдеген жоқ. Бірақ қазір жайбарақат отыруға болмайды, себебі алдымызда ауқымды жұмыс тұр. Үкіметтің жұмысына жаңа серпін беру қажет. Негізгі мақсат баршаңызға белгілі. Біз 2029 жылға қарай экономикамыздың көлемін 450 миллиард долларға жеткізуіміз керек. Яғни, нақты меже бар. Енді тек жұмыс істеу қажет. Бұл – еліміздің жалпы ішкі өнімі жыл сайын кемінде 6 пайызға өсуі керек деген сөз. Сондай-ақ макроэкономикалық көрсеткіштермен қатар халықтың нақты табысы да қарқынды түрде артуы керек. Бұл – өте маңызды міндет. Бір сөзбен айтқанда, бізге шын мәнінде сапалы даму қажет. Сондықтан әрбір қадамды жан-жақты, мұқият ойластырып, батыл әрекет ету керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Үкімет пен әкімдер жұмыс істеу тәсілін түбегейлі өзгертуге тиіс. Бюрократияны тоқтату қажет, бізге нақты нәтиже керек. Жұмыс барысында жүйелі ұстаным қатысты бірқатар нақты міндетке тоқталды.

– Бюджет және салық саясатының тиімділігін барынша арттыру қажет. Соңғы бес жыл ішінде бюджет тапшылығы 11 триллион теңгеден асып кетті. Сондықтан бюджетті тиімді басқару және оның өлшемдерін неғұрлым дұрыс болжау Үкіметтің алдында тұрған басты міндет болып қала береді. Қаржы министрлігі былтырғы табыс жоспарын алдын ала төленген осы жылдың салықтары есебінен орындағаны белгілі. 600 миллиард теңге көлемінде қосылған құн салығын қайтару уақытша тоқтатылды. Демек бюджет мәселелері бизнестің айналымдағы қаражаты есебінен шешілді. Әлі шешімін таппаған тағы бір мәселе – бюджетті бөлу тәртібі. Ол экономикалық белсенділікті арттыруға бағытталмаған. Қаражат күнделікті мәселелерді шешуге жұмсалады, стратегиялық мақсаттар соның көлеңкесінде қалады. Үкімет шығыстардың экономикалық пайдасы барынша жоғары болуына баса мән бере отырып, оның нақты басымдықтарын айқындауы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент қазір жаңа Салық кодексі әзірленіп жатқанын мәлімдеді. Бұл құжат инвесторларға қолайлы жағдай жасау мен бюджетке қажетті көлемде қаржы түсірудің арасында көкейге қонымды теңгерімді қамтамасыз етуі керек.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет жаңа инвестициялық кезеңді бастауға тиіс екенін айтты. Ол негізгі капиталға салынған инвестицияның ішкі жалпы өнімге шаққандағы үлесі азайып бара жатқанына назар аударды. Басқаша айтқанда, экономикаға жеткілікті қаражат салынбай жатыр. Соның салдарынан алдағы жылдары елдің даму қарқынын сақтап тұрудың өзі қиын болуы мүмкін.

– Ішкі және сыртқы инвестицияны айтарлықтай көбейту керек. Бұл – жаңадан құрылған Инвестициялық штабтың негізгі міндеті. Штаб елге инвестиция тартуға қажетті біртұтас экожүйе қалыптастыруы керек. Даму институттарының жұмысын жандандырып, бизнес өкілдерімен тиімді диалог жүргізуге тиіс. Шетелдегі мекемелердің, орталық пен аймақтардың арасында тығыз байланыс орнату қажет. Ең бастысы, Инвестициялық штаб қажетті шешімді дер кезінде қабылдауы керек. Мекеме басшыларының шетелге жасаған әрбір іссапары нақты нәтиже беруге тиіс. Сапар қорытындысы бойынша Үкімет басшылығына, қажет болған жағдайда Президентке есеп берілуі керек. Инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысты кедергілер, әсіресе, аймақтарда жиі болып тұрады. Әкімдер инвестиция тартудың орнына ескі әдетке салып, бюджет қаражатына сеніп отырады. Аймаққа жеке инвестиция тарту әкімдердің ең басты міндетінің бірі болуы керек, – деді Президент.

Жалғасы 2-бетте

БАСПАСӨЗ-2024

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4477,20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
на год – 4700,80 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
на год – 4477,20 тенге.
для сельского населения
на год – 4700,80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АҚОРДА

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ

Үкіметтің кеңейтілген отырысын өткізді

Жалғасы. Басы 1-бетте

Мемлекет басшысы жарты жылдың нәтижесі бойынша Инвестициялық штабтың жұмысы қорытындыланатынын айтты. Әрбір министр мен әкімнің осы бағытта атқарған жұмысына нақты баға беріледі.

Бұған қоса, Президент экономиканы кешенді түрде ырықтандыру үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет екенін айтты. Бұл – мемлекеттің экономикалық үдерістерге шамадан тыс араласуынан біртіндеп бас тартуға мүмкіндік беретін өте маңызды реформа.

Тағы бір маңызды міндет – агроөнеркәсіп кешенін дамыту және су ресурстарын үнемдеп пайдалану.

– *Ауыл шаруашылығының дамуын тежеп тұрған кедергілерді бәріміз білеміз. Басты түйткіл – жылдар бойы қажетті қаржының жеткілікті бөлінбеуі. Инвестицияның тапшылығы техниканың тозуына, егіннің бітік және еңбектің өнімді болмауына әкеп соқтырады. Сондықтан ауыл шаруашылығына бөлінетін қаржыны барынша, тіпті, мүмкіндік болса, екі есе арттыру қажет. Оған бюджеттен ғана емес, басқа да қаржы көздерінен, соның ішінде екінші деңгейдегі банктерден қаражат тартқан жөн. Көктемгі егіс науқанына және күзгі жиын-терінге жеңілдікпен берілетін несиені 1,5 триллион теңгеге дейін арттыру керек. Ал инвестициялық жобаларға бөлінетін жеңілдетілген несиені 800 миллиард теңгеге жеткізу қажет. Жеңілдікпен лизинг беруге жыл сайын кемінде 450 миллиард теңге бөлінуге тиіс. Сонда әр жыл сайын ауыл шаруашылығы техникасының 10 пайызы жаңарып отырады. Бұл шаралар ауыл шаруашылығының жалпы өнімін 2 есе арттыруға жол ашады*, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев коммуналдық-энергетикалық секторды жаңғырту жұмыстарын жеделдетуді тапсырды. Оның айтуынша, елді мекендердің тыныс-тіршілігіне қажетті барлық жүйенің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету – Үкімет пен әкімдіктердің негізгі міндетінің бірі.

– *Жыл сайын жылыту маусымында сол бір проблемалар қайталана береді. Мемлекеттік органдар қателіктер мен олқылықтардан сабақ алмайды. Соның кесірінен осы сала қазіргі мүшкіл халге жетіп отыр. Алматыдағы екінші жылу электр орталығындағы бу-газ қондырғысының құрылысы созылып кетті.*

Екібастұздағы бірінші ГРЭС-тің энергоблогын қалпына келтіре алмай жүргенімізге он жылдан асты. Сондай-ақ Екібастұздағы екінші ГРЭС-ті кеңейту және күрделі жөндеу жобасы уақтылы жүзеге асырылмай жатыр. Үкімет, ең алдымен, биыл апатты жағдайдағы 19 жылу орталығын жаңғырту жұмыстарын аяқтауға тиіс. Сонымен қатар қуаты 700 мегаваттан асатын қосымша қуат көзімен қамтамасыз ету керек. Белгіленген мерзімді шегеруге болмайды. Жалпы, еліміз электр, жылу, су өндіру және жеткізу қуатының тапшылығын сезініп отырғаны жасырын емес, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Үкіметке елдің коммуналдық-энергетикалық инфрақұрылым нысандарын қайта қалпына келтіріп, дамыту үшін нақты кешенді шаралар әзірлеуді тапсырды. Сондай-ақ еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін арттыру үшін жұмысты жандандыру қажет екенін атап өтті. Биыл бірінші жартыжылдықта теміржол саласындағы өзекті мәселелерді шешу жолдарын қамтитын бағдарламалық құжат қабылдау міндеті жүктелді.

Бұдан бөлек, Президент экономиканы цифрландыру ісін жалғастыру және жасанды интеллект технологиясын кеңінен қолдану аса маңызды екенін еске салды. Президент Мемлекеттік және қаржы қызметтерін цифрландыру ісінде айтарлықтай табысқа қол жеткізілгенін айта келе, еліміз қуаты күшті суперкомпьютер құруға кіріскенін мәлімдеді. Ол ғалымдарға ғана емес, сонымен қатар біздің нарықта жұмыс істейтін түрлі компанияларға да қолжетімді болады.

Үкіметтің кеңейтілген отырысында әлеуметтік сала мәселелеріне айрықша мән берілді. Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтарға әлеуметтік көмек пен қолдау құрылымдары және механизмдерін толық қайта қарау қажет екенін айтты. Президенттің пікірінше, әлеуметтік көмектің тиімділігін арттырып, оның кімге және қалай берілетінін ойластыру керек. Сонда бөлінген қаржыны барынша тиімді жұмсап, оны шын мәнінде көмекке мұқтаж адамға беруге мүмкіндік туады.

Денсаулық сақтау жүйесінде қордаланған мәселелер де назардан тыс қалмады.

– *Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің іске қосылғанына бес жыл болды. Содан бері бұл саланың бюджеті 2 есе артты. Биыл 2,6 триллион теңге бөлінеді. Алайда медициналық көмектің сапасы айтарлықтай жақсарды деп айтуға болмайды. Көптеген қызмет әлі де қолжетімді емес. Бұдан бөлек, көп жағдайда ресурстар тиімсіз жұмсалады. Соның салдарынан бұл салаға қосымша қаржы бөліп, бюджетке салмақ салуға тура келеді. Үкімет медициналық сақтандыру жүйесінің қызметін қатаң бақылауға алуы керек. Бұл жүйе қарапайым әрі түсінікті болуға тиіс. Медициналық көмектің бірыңғай топтамасын қалыптастыру қажет. Мемлекет кепілдік беретін медициналық қызмет оның базалық бөлігі болуға тиіс. Келесі бөлігі жұмыс берушілер мен азаматтардың жарналарынан құралатын сақтандыру қаражаты есебінен жасақталуы керек*, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке, әкімдерге және «Самұрық-Қазына» қорына «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» және «Жайлы мектеп» ұлттық жобаларын жүзеге асыруға кедергі болып отырған барлық мәселені дереу шешуді тапсырды.

– *Экономикаға жаңа серпін беру үшін Үкімет кәсіпкерлермен, инвесторлармен толыққанды серіктес ретінде тығыз байланыста жұмыс істеуі қажет. Мемлекеттік аппарат барынша тиімді және үйлесімді жұмыс істеуі керек. Қағазбастылық, көзбояушылық дегенді доғару қажет. Жоғарыдан тапсырма берілгенін, азаматтардан арыз түскенін немесе жағдайдың нашарлап кеткенін күтіп отырмау керек. Бастама көтеріп, дербес жұмыс істей білу қажет. Қазір Үкімет айрықша құзыретке ие болды. Осы мүмкіндікті дұрыс пайдалану керек. Шұғыл түрде тиісті шешімдерді қабылдау қажет*, – деп түйіндеді сөзін Мемлекет басшысы.

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты.

БІЛІМ

ЖАС ДАРЫНДАР

аудан абыройын асқақтатты

2024 жылы қаңтар айында Астана қаласында алғаш рет ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадасы өтті.



14-18 қаңтар аралығында жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша республикалық олимпиаданың қорытынды кезеңіне Жетісу облысынан 19 оқушы қатысты. Соның үшеуі Көксу ауданының оқушысы. Дарынды оқушыларды аудан әкімі Дәулет Халелов арнайы қабылдады.

Жаратылыстану-математика бағыты бойынша қатысып, аудан абыройын асқақтатқан оқушылардың бірі – Қадырғали Жалайыри атындағы орта мектеп-гимназиясының 11-сынып оқушысы Жалғас Күлжақан математика пәнінен бірінші орын алса, Медеубай Құрманов атындағы орта мектептің 11-сынып оқушысы Аяла Нұрлыбек физика пәнінен қатысып, екінші орынды иеленді. Ал Қадырғали Жалайыри атындағы орта мектеп-гимназиясының 11-сынып оқушысы Жансерік Нұрланұлы химия пәнінен үшінші орыннан көрініп, үздіктер қатарын толықтырды.

Дарынды оқушыларды қабылдаған аудан басшысы Дәулет Халелов республикалық деңгейде жетістікке жеткен оқушыларға алғысын білдірді.

«*Осындай деңгейге жету үшін сіздер тынбай ізденіп, табандылық таныттыңыздар. Бұл жетістік – адал еңбектеріңіздің нәтижесі. Білім жолында қанаттарыңыз талмай, көкке самғаңыздар. Ұлы жолда сіздерге бағыт-бағдар берген ұстаздарыңыз бен үнемі қолдау танытып, бар жағдайды жасап берген ата-аналарыңызға ерекше алғыс айтамын*», – деді ол.

Жалпы тұңғыш рет ұйымдастырылған ауыл мектептері оқушыларына арналған республикалық пәндік олимпиадасының қорытынды кезеңіне Көксу ауданынан 4 оқушы қатысты. Соның үшеуі жаратылыстану-математика бағыты бойынша, тағы бір оқушы – «Қоғамдық-гуманитарлық» бағыты бойынша қатысты. Атап айтсақ, Қадырғали Қосымұлы Жалайыри атындағы орта мектеп-гимназиясының 11-сынып оқушысы Нұрдина Басеп қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен жүлделі үшінші орынға қол жеткізді.

Аудан әкімінің қабылдауында болған жас дарындар шығармашылық байқаулардағы жетістіктері, зерттеушілік жұмыстарға қызығушылықтары туралы ойларын ортаға салып, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу, білімімен мыңды орайтын жастарды қалыптастыру жолында өз үлестерін қосатынын айтты.

* * *

Ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша тұңғыш рет ұйымдастырылған олимпиаданың аудандық кезеңіне Жетісу облысы бойынша 3060 оқушы қатысса, облыстық кезеңге 211 оқушы жолдама алып, бақтарын сынады.

Жетісу облысы Білім басқармасының «Жетісу дарыны» орталығы, Зияткерлік шараларды ұйымдастыру және халықаралық ынтымақтастық бөлімінің басшысы Ақмарал Бақбанбетованың айтуынша, жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша республикалық олимпиаданың қорытынды кезеңіне Жетісу облысынан 19 оқушы, қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша 21 оқушы қатысты.

Жетісу өңірі бойынша олимпиадаға 40 оқушы қатысса, облыс командасы 22 жүлделі орынға ие болыпты. Алты бірдей оқушы жүлделі бірінші орынды иеленсе, екінші орынға алты оқушы лайық деп табылды. Он оқушы жүлделі үшінші орынға, қалған бес оқушы ерекше жетістіктері үшін грамотамен марапатталды.

«*Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігі және «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен өткен «Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадасының» жаратылыстану-математикалық бағытында көрсеткен үздік нәтижелері үшін Жетісу облысы командасы «Ең үздік олимпиадалық команда-2024» III-дәрежелі атағы беріліп, қоғамдық-гуманитарлық бағытында «Ең үздік олимпиадалық команда-2024» II-дәрежелі атағына иеленді. III (қорытынды) кезеңнің барлық қатысушылары интеллектуалды жарыстарға дайындалу мақсатында «Дарын» республикалық сырттай мектебіне қабылданды*», – дейді Ақмарал Ақиыққызы. Олимпиада мақсаты – ауылдық жерлердегі мектеп оқушыларының дарындылығы мен қабілеттерін анықтау және қолдау үшін оңтайлы жағдайлар жасау, неғұрлым академиялық қабілетті оқушыларды іріктеу болып табылады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

АУДАН ТЫНЫСЫ

Ақсу аудандық кітапханасының ұйымдастыруымен екі күндік «Aksu, book fest-2024» кітап жәрмеңкесі өтікізілді.



АҚСУДАҒЫ КІТАП ЖӘРМЕҢКЕСІ

Кітап жәрмеңкесінің ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Күләйхан Дәулетбекова, ақсақалдар алқасының төрағасы Амантай Айтпайұлы, Матай-бөрібай қорының төрағасы Берікбол Қасымов, ақын Ербол Оразбеков қатысып, өз тілектерін білдірді.

Рухани шара барысында ақсулық жазушы Батқалбек Нұртілеудің «Арасаным ардағым» кітабының тұсауы кесілсе, «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы аясында жүзге тарта кітап кітапхана қорына тарту етілді.

Жәрмеңкеге Алматы қаласынан «ZIYAT» баспасы, Талдықорған қаласынан «Мазмұндама», «Марфу пресс» баспасы, «Байлық кітапта», «Кітап кемелдену» кітап дүкендері: қазақ көркем, балалар, шетел әдебиеті, психология, бизнес, мотивациялық, ғылыми-танымдық және рухани тақырыптағы жалпы саны 500-ге жуық кітапты сөреге қойып, қолжетімді бағада оқырмандарға ұсынды. Рухани шараға 100-ден аса оқырман қатысты.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

МАМАН МІНБЕРІ

АРТЫҚШЫЛЫҒЫ КӨП АҚПАРАТТЫҚ СЕРВИС

«Сот кабинеті» электрондық ақпараттық сервисі. Бұл сот органдарының онлайн сервисіне қолжетімді бірыңғай терезе болып саналады, сот ісін жүргізуді жеңілдету және азаматтар үшін сот жүйесінің қол жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында іске асырылған.

Осы сервистің негізгі ерекшелігі азамат, оның заңды өкілі, адвокат немесе заңгер кез келген ыңғайлы уақытта, үйінен немесе кеңседен шықпай-ақ интернет желісі арқылы сот құжатын, сондай-ақ істегі мәртебесін қарай алады және сот актісін басып шығара алады. Сонымен қатар, бұл жүйе процессуалдық нормалар мен сот этикасын мүлтіксіз сақтауды талап етеді. Сот жүйесінің ашықтығы мен жариялығын қамтамасыз ету мақсатында, процеске қатысушылардың істің барлық материалдарымен танысуға, кез келген сот сатысында істі қараудың уақыты мен орны туралы хабардар болуға мүмкіндіктер жасалған.

Сот кабинеті сервисі арқылы заңды тұлғалардың мемлекеттік баж төлеу мәселесі шешімін тапты, жеке тұлғаның төлем карточкасы арқылы бажды төлеу, сондай-ақ төлем құжатының сканерден өткен көшірмесін беру мүмкіндігі бар. «Сот кабинеті» және «Сот құжаттарымен танысу» электронды сервистері Жоғарғы Соттың www.sud.kz ресми сайтында іске қосылған. Аталған қызметтерді электронды цифрлы қолтаңбасы бар азамат қана тұтына алады. Қазіргі таңда соттарға талап арыздардың электронды түрде түсуі соттың да, сотқа жүгінген тұлғалардың да уақыты мен жұмысын азайтады. Мысалы, азамат немесе оның заңды өкілі өзінің уақыты мен қаражатын кетірмей, үйінен талап арыз жіберсе, ол электронды түрде соттың базасына түседі. Сот қызметкері дайын электронды түрде түскен арызды тіркейді. Ол үшін ол құжаттарды сканерден өткізіп, базаға салып жатпайды, өйткені олардың барлығы дайын түседі. Сотқа жүгінген азамат талап арызы тіркелгені туралы талон алады, бірнеше күннен кейін оның ұялы телефонына оның арызы бойынша сот құжаты шыққаны туралы хабарлама келеді. Бұл ретте азаматтар сот құжатын алуға сотқа барып уақытын кетіріп, қаражатын шығындап, әуреге түспейді. Айтып өтетін жайт, ол сот жүйесі қызметкерлерінің азаматтармен байланысын азайтады және сыбайлас жемқорлыққа бейімділікті азайтуға ықпал етеді.

Алма АҚЖОЛОВА,
Алматы облысы МАЭС әкімшісінің жетекші маманы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ХОЧУ СКАЗАТЬ...

Восприятие нашей реальности представителем общественности и государственным служащим

От редакции: Почетный ветеран города Талдыкорган Өмірсерік КӨПЖАСАРОВ, пенсионер отработавший в бывшей Талдыкорганской области в разных сферах государственной службы. Даже будучи пенсионером он проявляет активность открыто высказывая свои взгляды на политические изменения и явления в обществе и часто публикует статьи на страницах средств массовой информации. Поэтому материал под названием «Восприятие нашей реальности представителем общественности и государственным служащим», который он принес в редакцию общественно-политической газеты «Алатау», мы решили опубликовать без изменений. Читателям напоминаем, что мнение автора не выражает точку зрения редакции.

В газете (DAT) от 12 10 2023 года опубликованы статья С.Журсимбаева и интервью Е.Карина. Прочитав их, приходишь к выводу насколько диаметриально противоположны восприятие нашей действительности представителем гражданского общества и госслужащим, и невольно задаешься вопросом. Кто из них объективен? Думающий и, непредвзятый читатель с этим легко разберется. После появления интервью К.Бейсебаева я пришел к выводу, что нужно высказаться по затронутым проблемам.

По поводу интервью К.Бейсебаева. Да, наши проблемы за нас никто не решит. Максимум выразят озабоченность, не признают итоги выборов, решения судов и т.д. Он ссылается на поговорку: «Көш жүре түзеледі». Да, проблемы, созданные «великим современником» с «одним махом волшебной палочки» не ликвидируешь. Бесспорно нужно время. Но есть вопросы, которые следует решать безотлагательно, иначе это время никогда не придет, а кочевка не сможет ВЫРАВНИВАТЬСЯ на ходу. Если кадровые вопросы и основу создания демократического государства решили хотя бы год назад, (это внесение изменений или принятие всего лишь считанных законов), то сегодня в обществе была бы значительно благоприятная обстановка. К великому сожалению мы не справились с этой архиважной задачей. В результате имеем то, чего заслужили. И выдавая муху за слона, делу только навредим. В данной ситуации качество работы власти, по моему уразумению, уместно будет оценивать выражениями: «Ни шатко, ни валко» и «В час по чайной ложке». Если не: «В год». **Это первое.**

Второе. Если оценку деятельности Президента отложим до конца срока президентства, то его прямиком направим по пути предшественника. Надо ли это нам? Главу государства следует почитать за достойные дела, не допуская восхваления, а за упущения и ошибки - своевременно и аргументированно критиковать, одновременно предлагая пути устранения недостатков. Это не ПРЕСТУПЛЕНИЕ!!!, а гарантия его морального очищения, духовного роста, успешного развития и процветания государства. Если следовать народной мудрости: «Нұр үстіне нұр болады». И не зря сказано: «Куй железо, пока горячо».

Третье. В отношении вопроса, почему адвокаты не доказали мирные намерения активистов?

Сегодня бесцеремонно нарушаются основополагающие принципы судопроизводства и независимости судебной власти, служебная этика судьи, прокурора и полицейского. Нагло используется аморальное понятие «Прав тот, у кого больше прав». Асылов, в нарушение презумпции невиновности, активистов назвал членами террористической организации и преступниками, пытавшимися захватить аэропорт. Вместо призвания автора беззакония к ответственности, власть, вопреки здравому смыслу, продолжила беззаконие и дала задание суду(в этом я не сомневаюсь) - любой ценой осудить обвиненных. Последний, также творя беззаконие, безнравственно его исполнил. Посмотрите, целый клубок беззаконий. И похоже, что ему не будет конца.

В таких условиях адвокат, хоть семи пядей во лбу и с высоким профессионализмом, бессилен доказать невиновность подзашитных. Их аргументированные доводы, словно об стенку горох, не доходят до адресатов, потерявших простую порядочность. 5 января 2022 года я был на площади в городе Талдыкорган и пытался убедить власть проявить благоразумие, проблему решить мирным путем. Но была применена сила, что привело к трагедии. Когда, вместо вразумительных слов и рациональных действий, на людей обрушились свето-шумовые гранаты, резиновые пули, слезоточивый газ, струя студеной воды и дубинки - ожидать другой исход, было глупо. Сегодня самодовольные обыватели говорят, что и я совершил уголовное преступление.

Для казахов 7 священное число. Не исключено, что М.Жыланбаев сознательно совершил 7 мировых рекордов. Все внесены в книгу Гиннесса. Зарвавшаяся власть, достижения прославленного и уникального марафонца, отметила заключением его в тюрьму на 7 лет. Случайно ли сопадение? Скорее всего сознательно. Это месть за его непокорность, черная зависть, злорадство и стремление показать – кто хозяин в Казахстане.

Задача адвокатов должным образом все нарушения задокументировать. Когда придет время они понадобятся. Преступления и нарушения будут преданы огласке и за них придется отвечать!!!

Я не могу понять, как служители Фемиды, втянутые в циничный процесс преследования инакомыслящих, без угнетения совести могут смотреть в глаза близким, садится за стол и спокойно принимать пущу. Неужели в стране не найдется хотя бы ОДИН судья, прокурор, полицейский, госслужащий и депутат открыто, восставший против этого мерзкого явления. Здравомыслящие коллеги несомненно их поддержат и мы по уму решим этот злокачественный вопрос. И жить по совести, строго соблюдая законы и объективные закономерности, постепенно станут непреложным делом. Но для этого необходим разумный шаг навстречу, как со стороны народа, так и - власти. Другое не дано. Если для нас небезразлична судьба потомков, то обязательно сумеем это ОСУЩЕСТВИТЬ!!!

Надеюсь, кому направлено вышеизложенное, поймут меня правильно и сделают необходимые выводы.

По статье профессора С.Жүрсимбаева. Он отмечает: «... что елбасизм все еще остается основной идеологией действующей власти. Она не может решится на более смелые рефомы, ...зачастую прибегая к имитации. Косметические реформы политической системы и нерешительность в борьбе с семейными олигархическими кланами ...не оказали существенного влияния на фундаментальные основы авторитарного режима. Сложно утверждать, что власть приступила к существенной смене модели государственного управления, к реальному построению демократического и правового государства. Старорежимные порядки легко реанируемы, поскольку остаются неизменными конституционные нормы. ... Поэтому одна из главных задач общества – убедить главу государства, что клятва, принесенная народу Казахстана при вступлении в должность, более весомее и обязательнее, чем обещания, данные им при получении скипетра из рук бывшего президента.» Приведенные высказывания профессора достаточны, чтобы понять его гражданскую позицию, которую в принципе, я разделяю.

Безусловно, здравомыслящие люди словом и делом готовы откликнуться на благородный призыв неравнодушного человека. Проблема в том, пожелает ли Президент им воспользоваться? Хватить ли у него мужества признать и исправить ошибки, проявить непоколебимую решимость и освободиться от психологического состояния должника Назарбаеву? Сумей, эти действия возвысят его и он обретет уверенность. Главное, доверие и поддержку народа!!! Без которого, как говориться, «ни туды и ни сюды.» Этот шанс он упустил 5 января 2022 года. Если ныне не воспользуется 2-ым, то 3-го уже не будет. Ибо свой шанс, наверняка, не упустит старая гвардия.

Следующая проблема, кадры. Президента продолжают окружать лица, лишенные достоинства, впитавшие в плоть и кровь весь негатив авторитаризма. Они потеряли чувство меры и адекватно воспринимать реальность. Манипуляция общественным сознанием и фактами, лицемерие и коррупция, инертность и обман, не способность принимать рациональные решения и действовать на опережение проблем, стали неизлечимой болезью нынешних бездарных чиновников и сытой части населения всегда готовых, ради сиюминутной выгоды, пожертвовать интересами страны и потомков. Что может быть глупее этого?! Они за «реформы», с сохранением антинародной системы и авторитарного режима. Поэтому новый Казахстан не в их интересах. Для достижения своей цели, ими усиленно муссируется убаюкивание Президента, не существующими достижениями. Только безнадежно конченый невежда или враг своего народа пытается совместить несовместимое, обнять необъятное и цепляется за то, где мы по уши в дерме. Откуда прямая дорога к потере независимости.

Масштабно мыслящих, проявивших себя на деле, профессионалов-патриотов в стране предостаточно и они на виду. Их приход в государственное управление является ПЕРВОСТЕПЕННОЙ задачей.

Если эти очевидные ИСТИНЫ не признает глава государства и не поймет, что народ мудрый советник, самая надежная опора и не проведет кардинальные реформы – новый Казахстан нам не видать, как собственных ушей. Что можно больше сказать?! Это крик души и боль сердца многострадального народа. К сожалению здесь возникли большие сомнения и не без основания. И слова Назарбаева, что следующий будет хуже, к несчастью, могут оказаться пророческими.

У первого президента была возможность повторить подвиг Мустафы Кемаля. Но он бездарно его упустил и привел страну к тотальному кризису буквально во всем. Сам потерпел крах и после себя оставил нищету, хаос и моральную деградацию. Похоже он уже очухался и открыто пытается доказать свою «значимость» и «величие», что может иметь негативные последствия. Последняя его книга показала, что он неисправим и имеет дальний прицел.

Не теряя оптимизм, хочется верить, что Касым-Жомарт Кемелович Токаев все же решится пройти славный путь Ататюрка и войти в историю под именем АТАҚАЗАҚ!!! Я в числе первых внесу данное предложение.

Что у Е.Карина? Утверждает, что в политической реформе произошли очень глубокие и устойчивые преобразования, запущен новый процесс демократизации, сформирована совершенно новая модель государственно-политического устройства с оптимальным балансом между ветвями власти, переход к новой экономической модели, состоялась перезагрузка ключевых институтов власти, основные заявленные стратегические инициативы успешно воплощены в жизнь, принципы «слышащего государства» сформировали новую модель взаимодействия власти и общества через НСОД, а затем Национальный курултай, реализация реформ стала результатом конструктивного сотрудничества власти и общества, итоги голосования на выборах еще раз подтвердили, что у общества и власти единое понимание перспектив развития страны.

Словом, по Карину получается у нас все прекрасно, без сучка и без задоринки, и мы уже на верном пути. Если это так, где результаты? Ведь прошло уже 5 лет. По факту видно одно. Где-то гайку чуть ослабили, где-то сильнее затянули. Существует выражение: «Арық айтып семіз шық». Мы делаем наоборот, а потом разводим руками. Если говорить честно и по большому счету: пока серьезных положительных изменений не предвидится. Это не скептицизм. Непристойно высокопоставленному чиновнику демонстрировать, что язык без костей, бумага все стерпит и выдавать желаемое за действительность. По - казахски это будет: «Тілін көрсетіп, тісін жасыру». Или для него важнее «Аузы қисық болса да, бай баласы сөйлесін.» Сколько можно вешать лапшу на уши безропотному народу? Госсоветнику следует скрупулезно прочесть статью профессора, чтобы понять насколько далеки от жизни его рассуждения и неуместна самонадеянность. Он отмечает: «...все, что может нарушить нашу целостность, внести раскол в общество – все будет жестко пресекаться». Здесь нужно разобраться, кто вносит раскол и создает проблемы.

Мы продолжаем переживать трагические события и ЧП, дистибилизацию в обществе. Если их анализировать беспристрастно и трезво осмысливая, то непременно придешь к выводу, что это прямое следствие бездарной деятельности чиновников, а именно: министров, акимов, судей, прокуроров, полицейских, КНБ, центральной, территориальных и участковых избирательных комиссий, автора мифа о нападении 20-ти тысяч террористов и хозяевов провокаторов, толкнувших часть мирных демонстрантов на правонарушения в январе 2022 года. Большая вина лежит и на совести Парламента, беззубых профсоюзов, подхалимов и приспособленцев. Эту горькую правду не сможет воспринять только невежа с глухим сердцем и у кого слепа душа. Вся наша беда исходит от многочисленных дилетантов и делопутов. Пока они во власти, подлинные реформы не возможны. Теперь позволительно спросить у автора грозного предупреждения. Из выше названных, чьи действия пресекли? Кто понес ответственность? Отвечу за него. Толком, никто. Вместо этого стрелку борьбы перевели на активистов, а дальше «пошло-поехало».

В связи с этим вспоминается казахская шутка с иронией. «Әлеуләйлім егер таусылса, халауләйлім тағы бар.» Она высмеивает безответственное пустословие. Наша власть долго пела бессмысленную әлеуләйлім. Теперь похоже перешла на бестолковую халауләйлім. Что поделаешь, ведь каждый делает то, во что горазд!

Разумеется, апологеты власти лицемерно станут доказывать, что народ свои права реализует через выборы, референдумы и Құрылтай. Но все знают с какими безнравственными нарушениями проходят они, не оставляя никаких шансов избирателям для свободного волеизъявления. Поэтому население перестало ходить на выборы. Чиновников эта ситуация не смущает и не беспокоит. Ибо знают, на помощь всегда придет злополучный административный ресурс. Здесь мы просто потеряли всякое приличие.

Особые надежды не питает и Национальный құрылтай. Какой прок от человека, призывавшего миф о террористах признать за истину, имевшее негативные последствия, или подчеркивавшего, что нас устраивает свой принцип проведения выборов, народу не обязательно знать правду, Назарбаев отлично руководил государством, нарушения на 10-ти избирательных участках погоду не делают и тому подобное. Неужели авторы не понимают абсурдность своих «судьбоносных» изречений. Наряду с этим, какая польза от любителей ходить вокруг да около или, мометально меняющих свои позиции, по коньюктурным соображениям. Они никогда во всеуслышание не скажут правду. А единичный глас инакомыслящих ничего не значат. И в конечном итоге Құрылтай исчезнет не оставив никакого позитивного следа, как НСОД.

Далее. Передо мной постоянно встает вопрос. Почему многие страны в своем развитии, при отсутствии природных ресурсов, добились больших успехов и на должном уровне обеспечили материальное благосостояние населения? Не вникая глубоко и не вдаваясь в подробности, попытаюсь ответить коротко. Там люди хорошо понимают, что являются хозяивами своей судьбы и конкретными делами призваны обеспечивать процветание государства. А оно аккумулировав эти усилия, решает вопросы созидательного развития страны и проявляет заботу о своих гражданах. Это обоюдная обязанность и ответственность, то есть одна цель. Этим обеспечивается ЕДИНСТВО народа и власти. Неукоснительное соблюдение данных принципов, той и другой стороной, находится под бдительным оком всего населения. При необходимости народ оперативно принимает решительные меры, используя свои права. Партии, находящиеся у власти и высшее должностное лицо, не обеспечившие выполнение указанных задач, неминуемо терпят поражение на очередных выборах, ибо не допускается подтасовка их итогов. Это плоды демократии и взаимной требовательности людей, верховенства закона перед которыми все равны. А также результат ОСОЗНАННОГО участия КАЖДОГО человека в социально-экономичесой и политической жизни!!! Вот и все. Это я знаю не понаслышке.

А что имеем мы? Наш народ оказался заложником собственной наивной доверчивости, поверив в сказку, что его благополучие обеспечит заботливый и мудрый Президент. Распологая несметными природными ресурсами, но в результате бездарности власти и непростительного безразличия людей к своей судьбе и бессмысленной их ОТРЕШЕННОСТИ от политики, Казахстан оказался у разбитого корыта.

Өмірсерік КӨПЖАСАРОВ.
Город Талдыкорган.

Окончание в следующем номере

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ


ЛОТЕРЕЯ ОЙЫНЫ: қызығы мен шыжығы

Лотерея ойнатып ұтысқа кенелгендерді, жолы болғыш адам дейміз бе әлде кездейсоқ бақытқа бөленген жандар дейміз бе? Қалай десекте бір сәтте байлыққа кенелгендер жайлы ақпарат құралдарынан және әлеуметтік желіден оқығанда қызғана да, қызыға да қарайсың. «Шіркін менде осындай ұтыс ұтып алсам, бір жоғымды түгендер едім-ау» деп армандайсың. Бірақ, байлық та, бақыт та аяқ астынан келе қалмайды. Оны лотереядан мол қаржы ұтып алғандардың іс-әрекетінен аңғаруға болады. Ол үшін ұдайы лотерея билетін сатып алып, ұтыс ойындарын үнемі бақылап жүру керек.



Тіпті лотерея ойындарын қалт жібермей, ұдайы сатып алып, ұсақ-түйек ұтыс болмаса ірі ұтыстан үміті үзілгендер қаншама? Әр ойын сайын ішкі түйсігіне сенетіндерде бар. Үмітін үзбей, әр ойындағы фирларды қадағалап, математикалық тәсілге жүгініп, лотерея билетіндегі белгіленген цифрларды қадағалаумен ұтысқа қолы жеткендер, өзгелерге ешқашан үміттерін үзбеуге үндеп жатады. Ал енді, лотерея шынайы ұтпай қылмыстық жолмен ұтысқа қол жеткізіп, артынан қылмыстары әшкереленгендер абақтыда өмірлерін жалғастырып жатады.

Жақында қызылордалық көпбалалы ана лотереядан 156 миллион теңге ұтып алған. «Сәтті Жұлдыз» ұсынған лотереядан 156 миллион теңге ұтып алып, рекордтық ұтыс сомасына қол жеткізген қызылордалық әйел ойда жоқта пайдаға кенеліпті. Қомақты қаржы ұтып алған әйелдің есімі Жанар. Оның айтуынша, отбасында әкесі ұзақ уақыттан бері лотереялар сатып алып, сәттілік сәтін күтіп жүреді екен. Алайда денсаулығына байланысты үйден көп шыға бермейтін әкесі ұтыс билетті сатып алған. Бірақ «онлайн» сатып алған соң ұтыс шыққаны туралы хабарлама келіпті. Ұтыс туралы хабарламаға сене қоймаған Жанар аздаған сома шығар деп ойлаған. Лотерея билеттерін таңдағанда көбінесе ішкі түйсікке сенім артатынын айтқан әйел 156 миллион теңге ұтып, күтпеген мол табысқа кенелген. Жанар өзгелерді де лотереяға сенуге және сәттілік серік болатын кезді күтуге шақырады. Лотерея билеттерінен жолдары сәтті болып, қолы жүргендер туралы әлеуметтік желідегі ақпараттарға көз сүзіп, оның ішінде қазақстандықтардың ұтысы жайлы ақпараттарға шолу жасадық. Соның бірі жиырма жыл бұрын Тәжікстаннан Қазақстанға көшіп келген Алматы тұрғыны Хаким Бобоев та лотерея жеңімпаздарының әңгімесінен шабыт алып, «Сәтті Жұлдыз» Ұлттық лотереясынан тұрақты түрде 10 000 теңгеге билет алып отырған. Шілде айындағы ұтыс ойынынан 42000 теңге ұтып алған азамат мұны өзінің жеңіс жолы деп есептеп, «Сәтті Жұлдыздың» келесі ойынына тағы да 12 билет алған. Сайттағы өзінің жеке кабинетіне кіріп, жиналған 600 бонусқа тағы бір билет алған. «Сәтті Жұлдыздың» «Loto6/49» тираждық лотереясының ойнатылымында Астана қаласының бір тұрғыны 26 726 955 теңге ұтып алып, жеңімпаз атанған. Бұл жеңімпаз да 1976 жылдан бері ойнап, ұзақ жылдан кейін ұтысқа қол жеткізген. Мұндайды қазақ «бұйырған кетпейді» деп тәмсілдеген. Сонымен қатар, қазақстандықтар «Мега Миллионер» лезді лотереясына қатыса алады. Бұл лотереяның лезді лотереялар арасындағы бас жүлдесі ең жоғары – 20 миллион теңге. Әрбір тіркелген билет «Екінші мүмкіндік» науқанына қосылып, аптасына бір рет болатын ұтысқа қатысып, миллион теңге ұтып алуы мүмкін. Ұтысқа тіркелу әр жексенбі Астана уақытымен сағат 23:59-да аяқталады. Сәттілік әкелер билетіңізді алып, өміріңізге өзгеріс әкелетін 20 миллион теңгенің иесі атануға асығыңыз деген жарнама жамағаттың көңілін өзіне аударып тұр. Осы лотерея және ұтыс ойындарына қатысты букмекерлік конторағa қатысты дау-дамай туындап, соңғы жылдары Қазақстанда лотерея мен лото терминалдарына тиым салу талап етілгенін-Zakon.kz. хабарлаған болатын. Бұл туралы қоғамда екіұдай пікір қалыптасқан-ды. Егер лотерея мен лота терминалға тыйым салынса, кез келген бизнес көлеңкеге кетіп қалады деушілер де болды. Қазақстанда лотерея ойындарын бірегей оператор «Сәтті Жұлдыз» АҚ ғана ұйымдастыра алады. Бұл компания 2022 жылы отандық спортты дамытуға 3,6 миллиард «Қазақстан халқына» қорына 101 миллион теңге бөліп, ел бюджетіне салық түрінде 6,8 миллиард аударған. Ұтыс ойындарынан миллиондап ақша ұтқандар бір сәтте байлыққа кенеліп, артынан тап-тақыр кедей болғанын, тіпті ұтып алған миллиондарын алуға келмеген адамдар болған. Мәселен,18 жастағы канадалық Джулиетт Ламур 48 млн. Канада доллары (35,8 млн. АҚШ доллары) көлемінде джекпот ұтып алған ең жас жеңімпаз атанғанын Қаз ақпарат хабарлаған болатын. Жасөспірімнің қомақты қаржы ұтып алуына әкесі дәнекер болған. Канада баспасөзінің жазуынша, балаға әкесі лотерея билетін толтыруға кеңес берген. Ұтысқа ие болғанын естіген сәтте бірден әкесінен сүйінші сұраған. Ал енді лотереядан ірі көлемде ақша ұтып артынан түрмеге тоғытылғандар да бар болып шықты. Мәселен, Ресейдің Алтай республикасында қылмыстық жолмен ұтысқа қол жеткізген Жаңасібір облысының екі тұрғыны түрмеге тоғытылған. 2011 жылдың сәуір-маусым айларында қылмыскерлер ұтқан билеттерін Алтайда, «Ресей пошталарының» Маймин бөлімінде ұсынған. Екі алаяқ поштадан барлығы 5 миллион 18 мың рубльді санап алып, көп ұзамай олар қолға түскен. 2018 жылы лотереядан 19 миллион доллар ұтып алған американдық жігіт банк тонаушы болып шыққан. Бұл туралы Stan.kz. хабарлаған болатын, The Independent-ке сілтеме жасаған. 55-жастағы қылмыскер 11 қылмысқа қатысты күдікпен ұсталған. 1998 жылы ол лотереядан 19 миллион доллар ұтып алып, әйелімен ажырасқаннан кейін ақшаның жартысын оған бөліп берген. Ол өзінде қалған ақшаның көбіне есірткі сатып алған. 2019 жылы лотереядан 10 млн. доллар ұтып алған американдықты ұтысын алмай жатып тонап кеткен. Жеңімпаз атанған адам, ұтысын алмай жатып, қуанышы қойнына сыймай көршілеріне айтып мақтанған. Алайда, келесі күні лотерея кеңсесіне барғанда 10 миллион ұтыс шыққан билетін біреу ауыстырып қойғанын байқаған, деп жазды The Washington Post. Ашық ауыздығынан зардап шеккен адам оқиғаны көршілеріне айтқанын жергілікті полицияға хабарлаған. Әрі ұрлықты көршісі жасауы мүмкін екенін полиция мен лотерея қызметкерлеріне ескерткен. Лотерея билетін ұрлатып алған адамның жорамалы айна-қатесіз келіп, ұрлықшы, әрі күдікті ақшаны алуға келгенде лотерея компаниясының өкілдері тонаушыға ақшаны бермей, полиция шақырған. Тергеу барысында көршісінің адамзат баласына үлкен сабақ болса керек-ті.





Үйіне ұрлыққа түсіп, лотерея билетін ұрлап кеткені анықталған. Тағы бір оқиға, Ұлыбританияда лотереядан 2002 жылы жігіт 9,7 миллион фунт стерлинг (7 миллиард 400 миллион теңгеден аса) ірі ұтыс ұтып алып, ақшаны оңды-солды шашып, тіпті үйсіз, жұмыссыз қалған. Миллиардтаған ұтыс ақшасын күніне 10 мың фунт жұмсаған. Ақшадан басы айналып байлыққа кенелген жігіт «Мерседес» көлігімен жүріп, жаяу жүргіншілерге фастфуд лақтырыпты. Тапқан байлығын бизнеске салмай, арақылыққа салынып, тақыр кедейге айналып үйінен де, көлігінен де айырылған. Бірақ, бұл азамат шашып төккен ақшасына өкінбепті. *«Жеңіл келген нәрсе жеңіл кетеді»* - деп қайтадан жұмыс істей бастаған. Шотландияда тұрып жатқан азамат күніне 12 сағат жұмыс істеп, *«Көмір салынған 50 келілік қаптарды тасып, жанармай бекеттерінде сатылатын отынды жарамын»*, - дейді. Оның сөзінше, таңғы сағат 06.00-ден кешкі 18:00-ге дейін 150 қап көмір тасиды екен. *«Кейде маған шайға бірнеше фунт береді. Сол кезде күлкім келеді»*, – депті. Міне, лотерея ойының қызығы мен шыжығы. Ақша біреуге бақ алып келсе, біреудің қолынан сынаптай сусып тұрақтамаған. Ақшаның көзін тапқан соң оны да үнемдеп, тиісті жеріне жұмсап, қадірін білмегеннің басынан тайған бақтай ұшып кететінін осы оқиғалардан көруге болады. Не нәрсе болса да адал еңбекпен тапқан дүние мүлкіңе не жетсін. «Ақша жүрген жерде албасты да жүреді» дегендей, лотерея билетін ұрлап, одан қалса түрлі көзбояушылыққа барғандардың жеткен жері абақты болды,

А. БҰЛҒАҚОВ.
Суреттер ғаламтордан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚОҒАМДА ТАКСИСТЕР ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ ӨЗЕКТІ БОЛЫП ТҰР. БІРІ ТАКСИСТЕРДІҢ ӨМІРІ ҚАУІПКЕ ТОЛЫ ДЕСЕ, ЕНДІ БІРІ БҰЛАРДЫҢ АРАНЫ АШЫЛҒАН ДЕСЕДІ. АЛАЙДА, ТАКСИ КӨЛІГІНЕ ТӘУЕЛДІЛІК КҮННЕН КҮНГЕ АРТЫП КЕЛЕДІ. ҚАЛТАСЫНДА АҚШАСЫ БАРЛАР ОТЫРАР, АҚШАСЫ ЖОҚТАР ҚАЛА ІШІНДЕ ЖҮРЕТІН АВТОБУСТАРМЕН ҚАТЫНАЙДЫ. ДЕСЕК ТЕ, ҚАРАША ҚАУЫМНЫҢ КӨБІ ТАКСИГЕ ЖҮГІНІП ЖАТАДЫ. АЛ, БҰЛ КӨЛІКТІҢ БАҒАСЫ ҚАРАПАЙЫМ ЖҰРТТЫҢ ҚАЛТАСЫН ҚАҒУДА.



ТАКСИСТЕРДІ КІМ ЖӨНГЕ САЛАДЫ?



Интернет желісін ақтарып отырып «ТМД елдері ішінде ең қымбат такси Қазақстанда ғана» деп хабарлаған energyprom.kz. сайтының жаңалығын көзіміз шалды. Әрі: «ең қымбат такси қызметі Қазақстанда, ол тағы 9%-ға қымбаттады» - дейді. Бізде қымбаттамай жатқан не бар өзі, бәрі қымбат. Жылма-жыл жанар-жағармай бағасы өскенде базардағы, сауда үйлеріндегі бағалар шарықтап шыға келеді. Оның артынан коммуналдық төлемдер өседі. Energyprom.kz. хабарлауынша, 2023 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында Қазақстанда такси қызметін ұсынатын компаниялардың кірісі бір жылда 17%-ға өсіп, 5,9 млрд. теңге болған. Осы кезеңде такси қызметін 47,4 миллион адам пайдаланған, бұл бір жыл бұрынғыдан 2 пайызға аз. Жолаушылар айналымы бір жылда 44%-ға төмендеп, 1,4 млрд. теңге болды. Өткен жылдың қаңтар-қараша айларында такси саласындағы негізгі капиталға салынған инвестиция бір жыл бұрынғы 495,1 миллион теңгемен салыстырғанда 751,9 миллион теңгеге жетті. Құндық мәндегі инвестицияның жылдық өсімі 51,8% болды. Инвестициялардың ең көп көлемі Алматыға түсті: 360,6 млн. теңге, бұл бір жыл бұрынғыдан 6,9 есе көп. Аймақтар үлесі еліміздің 48 пайызын құрады. 2023 жылдың желтоқсан айында такси тарифтері өткен жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 9,1%-ға өскен. Өңірлер бойынша бағаның өсуін Алматы қаласының тұрғындары қатты сезінді, себебі бір жылда 30,3%-ға көтерілді. Көшбасшылыққа қарсы екінші және үшінші орындарды Ақтөбе және Абай облыстары иеленді: онда 22,1% және 17%.



Такси қызметі құнының бір жылдағы ең аз өсімі Маңғыстау облысында, онда 1,2% болды. Тағы үш облыста – Алматы, Шығыс Қазақстан және Батыс Қазақстанда баға бір жыл бұрынғы деңгейде қалды. Қазақстанда такси қызметінің құны 0,61 доллар, бұл ТМД елдері арасындағы ең жоғары көрсеткіш. Салыстармалы түрде алсақ: Әзірбайжанда стандартты тариф бойынша 1 шақырымға таксимен жүру 0,59 доллар, Ресейде – 0,34 доллар, Украинада – 0,32 доллар, Беларусьте – 0,31 доллар, Армения мен Өзбекстанда – 0,3 доллар тұрады деп ақпарат таратты Energypom.kz.

Жетісу облысында үш бірдей: «400-400», «Яндекс» және «Индрайвер» такси қызметтері бар. Біз бір жыл бойы такси бағасының қалада қаншалықты өскенін білмек болып, әуелі «такси: 400-400» автопаркіне хабарластық. *«Таксопарк 2014 жылдан бері жұмыс жасап келеді»,* – деп бізбен хабарға шыққан Өркен Дәулетовтің айтуынша, баға тұрақты, аса қымбаттай қойған жоқ, ары кетсе 100 теңге қосылған екен. *«Ең арзан баға бізде. Ал Алматыға салон жалдасаңыз 18000 мың теңге»* - деген Өркен Дәулетов қазір жаңа бағдарламаға көшіп жатқандарын да айтты. *«Бағаның құбылуы бізге де, оңай соғып жатқан жоқ, жанар-жағармай, құрал-саймандар да қымбат, әрі көлік такси иелерінің өз көліктері»* дейді.

«Яндекс» таксопаркі төңірегінде тұтынушылар арасында қызу талқы бар. Қалаған жерге баруа керек болып, «Яндекс» такси шақырсаңыз бағасы удай. Мәселен, мен тұратын Жастар-1 шағын ауданынан №28-ші мектеп аралығы он бес минуттық жер. Аязды күні баланы мектепке апару үшін ертеңгісін такси шақырып ем 700-ден астам теңге төледім. Таң қалып «бұл қалай ары кетсе 300 теңге төлеп жүрген жер ғой» десем бұл таксопарктің өздерінің ішкі шарттары екен. Ертеңгі мезгілде елдің бәрі қарбаласқа түскенде бағаны көтеріп жіберіп, түс ауа қайта төмендете қояды. Өйткені елдің бәрі ертеңгі уақытта балаларын сабаққа, балабақшаға, әрі өздері жұмысқа асығады. Көлігі барлар өздері тасымалдап жүреді. Ал көлігі жоқтар азанда балаларын аязды суыққа ұрындырғысы келмей жедел такси шақырады. Міне, осы мүмкіндікті «Яндекс» такси паркінің қожайындары жақсы пайдалануда. Әрі ауа райы құбылып күн райы бұзылған сәтте де бағаны қалауларынша көтеріп, түсіріп отыру «Яндекс» үшін құбылысқа айналған. «Яндекс» такси бір жылда 9 пайызға қымбаттаған. Ең төмен бағасы 1 км - 400 теңге. «Яндекс» такси қызметінің қосымшасына кірсеңіз Талдықорғаннан Алматы қаласының Жетісу ауданына дейін түскі баға 32 220 теңге болса, сағ: 13:20-дағы уақытта 28 600 теңгені көрсетіп тұр, бұл салонның бағасы. Ал, Алматыға «индрайверде» салон 15000-18000 мың теңге арасы болса, «такси: 400-400» бағасы 20 мың 400 теңге.



«Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» демекші, Алматыда жер сілкініп, ел дүрлігіп көп қабатты үйден қашқанда таксистердің көктен сұрағаны жерден табылды. Алматы іргесіндегі Ұзынағашқа 2000 теңгемен баратын халықтың қалтасына көз алартқан таксистер бағаны 20000-50000 мың теңгеге дейін бірақ көтерген. «Біреу өлем десе, біреу көмем» демекші, жан сауғалап шұбырған жұрттың бір жағына шығысудың орнына бас пайдаларын көздеген таксистер елдің наразылығы мен табасына қалды. Ашкөзденген таксистер туралы айтыскер Сырым Әуесхан мен Жандарбек Бұлғақов әлеуметтік желіде таксистерді әжуалап сын тезіне алды. Бұл үлкен дүрбелең болды. Жалпы кәсіптің бұл түріне арнап тіркеліп тиісті салығын төлеп, жұмыс жасап жатқан таксопарктар мен тіркелмей адам тасып жүрген таксистер бар. Ал олардың адамдық қадір-қасиеттері де сан алуан. Олардың бет-бейнесін жер сілкінісі кезінде бұқара халық көрді. Осыдан бір жыл одан әріректе таксистер де салық төлеуі тиіс деген салықшылардың бастамасы көтерілгенде: *«Кісі тасып әрең күнімізді көріп жүрміз, жұмыссыз салық төлесек бала-шағамызды кім асырайды. Жанармай, көлік саймандары удай қымбат»*, – деп өре түрегелген таксистерді жер сілкінісінен кейін аяудың қажеті жоқ екеніне көзіміз жетті. Жалпы, жабайы тірлік жасап жүрген әрі бағаны қалауынша көтеріп түсіріп жүрген таксопарк иелерін кім жөнге салады? Таксопарктер тіпті ауа райының құбылған күнін де сәтті пайдаланады. Мереке күндері Алматы мен Талдықорған арасындағы қатынайтын таксистердің дәурені жүреді. Халық арасына кең тараған бір тәлімді әңгіме бар. Үй өртеніп жатса, көршісі жүгіріп келіп, «айырға шанғыған қойдың басын үйітіп алайыншы» депті. Жер сілкінісіндегі таксистердің әрекеті де осыған саяды. Сарапшылардың пайымынша такси бағасы тағы да 10-15 пайызға қымбаттауы мүмкін екені айтылуда.



Айтақын МҰХАМАДИ
Суреттер интернет көзінен алынды.

Дүйсенбі - Понедельник, 12 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.40 «Шаңырақ»
06.30 «Күй керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Қилы күндер»
12.20, 13.10,21.25 Т/х«Ауыл мұғалімі-2»
13.30, 02.45 «Өмір көркем»
14.35«Отандық бренд»
14.50 «Ақорда»
15.15 «Апта»
16.05Т/х«Жат бауыр»
20.30,00.40«Ашық алаң» ток-шоу
22.15 Телехикая «Алданған арман»
23.10«1001 түн»
01.35 «Сана»

ХАБАР

05.00 Мегахит.«За ветриной»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бізге хабарласқан»
10.25Семейное кино
11.50 Мультсериал
12.00, 20.00 Т/х«Алданған үміт»
14.00 Т/х «Бозторғай»
15.00Т/х «Наживка для ангела»
18.00 Новости
18.20 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Талқы»
22.30 «Қарасу»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз!»
06.50Т/х «Ене»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-4»
10.00,22.45 Т/х «Ана бақыты»
11.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
12.30,23.45 Т/х «Кэ Бэк»
13.50,02.00 Т/х «Ақжауын»
14.20 Көру керек
15.10 Өткінші
16.30 Сериал «Отдай мою мечту»
20.00 «Астана таймс»
01.00 Сериал «Склифософский»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Тамада батл»
07.00,03.30 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.15 «Жить здорово»
11.10 «Давай поженимся!»
12.00Х/ф «Неидеальная женщина»
14.00, 01.45 Новости
14.15, 02.00 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.00 Басты жаңалықтар
19.00, 02.15 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Розыск-3»
00.00 Сериал «Знахарь»

КТК

07.05 «Дау-дамайсыз»
07.30Т/х «Жан жылуы»
08.00, 02.50 Т/х «Бақытты аңсағандар»
11.10, 01.20 «Юморина»
12.40 Т/с «Под прицелом любви»
15.00 Т/х «Қыл үстіндегі тағдыр»
19.30,04.00 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Мелодрама «Маруся»
23.30 Остросюж.детектив «Команда»
01.20 «Было дело»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Сапарлайық»
09.30 «Ділмар»
10.30 «Ел іші - өнер кеніші»
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Единый народ»
12.30 «Әсем әуен»
13.00 «Өзекжарды»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Ел мен жер»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Ән тыңдайық»
18.30 «Баспасөзге шолу»
19.00 «Бес қару»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
07.00 «Күліп ал»
08.00, 23.10Т/х «Чукур»
09.00, 01.40 «Тайм вайн»
09.30, 02.20 «Tik-Tok» шоу
10.00 Т/х «Пиноккио»
11.20, 12.30 Мультсериал
13.30 Кино «Штурм белого дома»
18.20Кино «Али рули»
20.00 Информбюро
21.00 Кино «Хитмэн агент 47»
00.10 «31 әзіл»
03.00, 04.30 Ватсап
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00«Қуырдақ»
07.00, 01.00 Т/х «Ұлы дала жанұясы»
07.30 «Айна онлайн»
08.30, 02.00 Т/х «Бастық боламын»
09.20, 17.40 Сериал «Солнечный ноябрь»
10.20 Х/ф День святого Валентина
15.00 Т/х «О махаббат»
16.00, 22.1h50 Т/х «Жаңа қоныс»
17.10«Жұлдызды шаңырақта»
19.40 Сериал «Кто ты?»
21.40 «Шторм»
22.20 Т/х «Махаббат қызық хикая»
00.00Т/х«Жалдамалы әйелдер»
02.40 «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

ХАБАРЛАНДЫРУ

9-12 ақпан аралығында Талдықорған қаласында дойбыдан Жетісу облысының чемпионаты өтеді. Қатысамын деушілер: 8 708-196-61-59 телефонына хабарласыңыздар.
Ұйымдастыру комитеті: 8 708-196-61-59

Сейсенбі - Вторник, 13 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Шаңырақ»
06.30, 10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.20, 13.10, 21.25 Т/х «Ауыл мұғалімі-2»
13.30, 03.40«Өмір көркем»
14.35«Қатермен бетпе-бет» арнайы жоба
14.50 «Ғылым адамы»
15.15«Бірегей»
16.05 Т/х «Жат бауыр»
20.30, 00.40«Ашық алаң»
22.15 Телехикая «Бауырлар»
23.10 «1001 түн»
01.35Футбол

ХАБАР

05.00Т/х «Өз үйім»
07.00 «Оян!»
10.00«В фокусе»
10.25Мультфильм
11.50 Мультсериал
12.00 Т/х «Алданған үміт»
14.00, 21.45 Т/х «Қарасу»
15.00Т/х «Бәсеке-2»
16.00, 23.30 Сериал «За витриной»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу Талқы»
20.00 Т/х «Алданған үміт»
22.30 «Хабарлайк»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз!»
06.50Т/х «Ене»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-4»
10.00, 22.45 Т/х «Ана бақыты»
11.00 Т/х «Кеш келген махаббат»
12.20, 23.45Т/х «Кэ Бэк»
13.50, 02.00 Т/х «Ақжауын»
16.30 Сериал «Отдай мою мечту»
20.00 «Астана таймс»
21.55 «Лакшми» үнді т/х
01.00 Сериал «Склифософский»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Тамаша сити»
07.00, 03.30«Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.15 «Жить здорово»
11.10 «Давай поженимся!»
12.00 Сериал «Господа офицеры»
14.00, 01.45 Новости
14.15, 02.00Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.00Басты жаңалықтар
19.00, 02.15 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости»
20.35 Сериал «Розыск-2»
00.00 «Контейнер»

КТК

07.05, 19.30, 04.00 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Жан жылуы»
08.00, 02.50Т/х «Бақытты аңсағандар»
09.30, 21.00 Вечерние новости
10.10, 01.20«Было дело»
11.10, 23.30 Т/с «Команда»
13.00, 21.40 Мелодрама «Я заберу твою семью»
15.00 Т/х «Қыл үстіндегі тағдыр»
20.00, 02.05 «Астарлы ақиқат»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Ән тыңдайық»
12.30 «Баспасөзге шолу»
13.00 «Бес қару»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20 «Жетісу жаyһарлары»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Менің арманым»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Ғасырлар сарыны»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Табыс кілті»
19.30 «Туынды тарихы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
07.20, 20.00Информбюро
08.00,23.10 Т/х«Чукур»
09.00, 01.40 «Time Vine»
09.30, 02.20 «Тик-Ток» шоу
10.00 Т/х «Пиноккио»
11.20, 12.20Мультсериал
13.40Кино «Мой волк»
15.30 «Мачо и Ботан»
17.40«Война миров»
21.00 Кино «Мачо и Ботан-2»
00.10 «31 әзіл»
02.40,04.30 Ватсап
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00«Қуырдақ»
07.00, 01.00Т/х «Ұлы дала жанұясы»
07.30«Айна онлайн»
08.30, 02.00 «Бастық боламын»
09.20, 17.40 Сериал «Эксперт»
11.20,19.40 Сериал «Кто ты?»
13.30 Т/х «Тойхана»
14.00 Т/х «О, махаббат!»
15.00 «Әзіл тайм» 22.20 Т/х «Құзғын»
16.00, 22.50Т/х «Жаңа қоныс»
17.10Т/х «Восс әйел»
21.400 Сериал «Шторм»
00.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
01.10 Т/х «Аяла мені»
02.40 «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 14 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 02.40«Шаңырақ»
06.30, 10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.20, 13.10, 21.25 Т/х «Ауыл мұғалімі-2»
13.30 «Өмір көркем»
14.35 «Ауылдастар»
15.15 «Бірегей»
16.05 Т/х «Жат бауыр»
20.30, 00.40 «Ашық алаң»
22.15 Телехикая «Бауырлар»
23.10 «1001 түн»
01.35 «Отандық бренд»
01.50 Футбол

ХАБАР

05.00 Т/х «Өз үйім»
07.00 «Оян»
10.00 «Мектеп»
10.25 Мультхикая
12.00, 20.00 Т/х «Алданған үміт»
14.00, 21.45 «Қарасу»
15.00 Т/х «Бәсеке-2»
16.00, 23.30 Сериал «За витриной»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Талқы»
22.30 «Хабарлайк»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз!»
06.50 Т/х «Ене»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-4»
10.00, 22.45 Т/х «Ана бақыты»
11.00 Т/х «Кеш келген махаббат»
12.20, 23.45 Т/х «Кэ Бэк»
13.50 Т/х «Өткінші жаңбыр»
16.30 Сериал «Отдай мою мечту»
20.00 «Астана таймс»
21.55 «Лакшми» үнді т/х
01.00 Сериал «Склифософский»
02.00 Т/х «Ақжауын»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша сити»
07.00, 03.30 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.15 «Жить здорово»
11.10 «Давай поженимся!»
12.00 Сериал «Господа офицеры»
14.00, 01.45 Новости
14.15, 02.00 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.00 Басты жаңалықтар
19.00, 02.15 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости»
20.35 Сериал «Розыск-2»
00.00 «Контейнер»

КТК

07.05, 19.30,04.00Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Жан жылуы»
08.00, 02.50Т/х «Бақытты аңсағандар»
09.30, 21.00 Вечерние новости
10.10,01.20 «Было дело»
11.10, 23.30 Детектив «Команда»
13.00, 21.40 Мелодрама «Маруся»
15.00Т/х«Қыл үстіндегі тағдыр»
20.00, 02.05 «Астарлы ақиқат»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Ғасырлар сарыны»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Табыс кілті»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Туынды тарихы»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Жас тілші»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00,03.30 Әзіл студио
07.20, 20.00Информбюро
08.00, 23.00 Т/х«Чукур»
09.00, 01.40 «Тайм вайн»
09.30, 02.20 «Tik-Tok» шоу
10.00 Т/х «Пиноккио»
11.20, 12.00 Мультсериал
13.10 Кино «Война миров»
15.40 Кино «Мачо и Ботан-2»
18.00 Кино «Пиксели»
21.00 Кино «Люди в черном»
00.00 «31 әзіл»
03.00, 04.30 Ватсап
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 01.00 Т/х «Ұлы дала жанұясы»
07.30 «Айна онлайн»
08.30, 02.00 «Бастық боламын»
09.20, 17.40 Сериал «Эксперт»
11.20, 19.40 Сериал «Кто ты?»
13.30 «Тойхана»
14.00 «О, махаббат!»
15.00 «Әзіл тайм»
16.00,22.50 Т/х «Жаңа қоныс»
17.10Т/х «Восс әйел»
21.40 Сериал «Шторм»
00.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
02.40 Т/х «Япырай»
03.30«Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БАЙҚАУ

NIS МЕКТЕБІНІҢ «ҮЗДІК ЖАС ЖЫЛ МҰҒАЛІМІ» АНЫҚТАЛДЫ

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНДЕ ЖАС МҰҒАЛІМДЕР АРАСЫНДА БАЙҚАУ ӨТТІ. ӘР ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІКТЕН 10 МАМАН «ҮЗДІК» АТАҒЫН САРАПҚА САЛДЫ.



Екі апта бойы мектеп қауымдастығы жас ұстаздардың тамаша сабақтарын, сондай-ақ олардың тәжірибелік презентацияларын, TED баяндамаларын және заманауи оқыту әдістерін бақылау мүмкіндігіне ие болды. Педагогикалық сайыс екі кезеңнен тұрды: ашық сабақ және TEDx форматындағы пән философиясы.

Химия пәнінің мұғалімі Әлия Қобдықова «Мектеп құндылығы – ұстаз құны» деген тақырыбын ұсынды. Жас маман оқушыларға химия пәнінен сабақ беріп қана қоймай, оларды ғылыми жоба байқауларына дайындайды.

«Қазіргі ұстаз бойында қандай құзіреттілік болуы керек, қазіргі ұрпақпен тіл табу қиын ба?» деген сауалға Әлия Ренатқызы: қазіргі ұрпақ балалары ерекше деп жауап берді.

NIS директоры Виктор Сосин жас мұғалімдердің жоғары кәсібиліктері үшін алғысын білдірді.

«Креативті мұғалім» номинациясы бойынша Елнұр Саят, «Зерттеуші мұғалім» номинациясын Наргиз Байгутова, «Тапқыр ұстаз» номинациясын Архат Баймұханов, «Жаңашыл мұғалім» номинациясын Дарын Қасенов, «Парасатты мұғалім» номинациясын Раушан Атайбекова, «Рефлекстивті мұғалім» номинациясын Айжан Адамбаева, «Ізденімпаз мұғалім» номинациясын Фариза Нұрахмет иеленді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ОЙТАМШЫ



ӘДІЛДІКТІҢ АУЫЛЫН ІЗДЕП ЖҮРМІН...

Сіз мына өмірде әділеттілік бар деп ойлайсыз ба? Ал мен олай деп ойлаудан қалып барамын. Тіпті, бұған күн санап көз жеткізе түскен сайын айналам бұлыңғырланып сала береді. «Сіз» қойған бұл сауалдың өзі біртүрлі естіледі екен. «Неге?» – дейсіз ғой. Өйткені осы сұраққа жауап беремін дегенше алдымнан көлденеңдеп шыға беретін мың түрлі «әділетсіздікті» көремін... Көрген сайын жанарыма жас үйіріледі. Әттең... Сананы жаулап алған «әділетсіздіктен» арыла алмай жүргеніңде миға «Әділетті Қазақстан құрамыз» деген ойды сіңіру де оңай емес-ақ.

Жазушы Есболат Айдабосын ағаның «Азап пен мазақ» әңгімесіндегі Бағым қыздың айтқанындай: «жалған өмірден шындық іздеп шырқыраған ақымақтық болып көрінеді маған да». Солай әділдік іздеп шаршап жүрмін. Сіздер ше?

...«Әділеттіліктің» ауылы бар болса, айта салыңыздаршы, іздеп табанымнан таусылмайын...

Іңкәр НҮСІП,
М. Арын атындағы №24 мектеп-лицейінің
11 сынып оқушысы.

МАМАН МІНБЕРІ

МӘСЕЛЕНІ байыппен шешуге болады

Бүгінгі таңда Қазақстанда болып жатқан құқықтық реформалар оңды нәтижесін беруде. Соның аясында еліміздегі сот саласының кейбір қызметі бүгінде жекеге берілуде.

Сот ісін жүргізудің аяқтау сатысы сот актілерін орындау болып табылады. Сондықтан олардың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ететін шаралар қабылдануы қажет екені белгілі. Осыған байланысты сот ісін жүргізудің тиімділігін арттырудың маңызды шарасы ретінде мемлекеттік сот орындалуымен қатар жеке сот орындаушыларының институты енгізілді.

Жасыратыны жоқ, жеке сот орындаушысының атқаратын қызметі оңай емес. Мәселен, азаматтардың заңды білместіктен тұрғызып қойған құрылыстарын бұзуды талап ету жеке сот орындаушысына да оңай соқпайды ғой. Дегенмен, заңды бұзуға ешкімнің құқы жоқ екенін де әркез жадымызда сақтағанымыз жөн. Атап атсақ, жеке сот орындаушыларының қызмет аясы кең: иесі бар, бірақ пайдаланылмай жатқандар жайылым, егістік жерлерді мемлекет меншігіне қайтару, үйге заңсыз кіргендер, заңсыз жер телімін алғандар, жерге баспана салғандардан бастап, несиесін төлемей қашып жүргендерге дейінгі аралықтағы түйіндерді шешу солардың құзырына кіреді.

Жеке сот орындаушысының мемлекеттік сот орындаушысына қарағанда тағы бір артықшылығы аталған институт өзін-өзі қаржыландырады. Жеке сот орындаушылары мемлекеттен, яғни бюджеттен жалақы алмайды. Олар мемлекет қазынасына қайтарылған қаржыдан белгілі бір пайызын алып отырады. Алимент және төленбеген жалақыны өндіріп алу секілді мәселелер орындалған жағдайда ғана оларға сыйақы төленеді. Сонымен қатар, жеке сот орындаушылары ешкімге тәуелді емес екенін де еске сала кетейік. Олар тек қана заңға бағынады, заңның аясында ғана сот шешімдерін жүзеге асыруға міндетті. Сондықтан олар заң талабын орындатқызу үшін әрекет етеді. Осындай сәттерде жеке сот орындаушысы тым қатал сияқты болып көрінуі де ғажап емес. Алайда, соттың ақырғы шешімі шықты ма, ол сөзсіз орындалуы керек.

Жеке сот орындаушылары да көп жағдайда заңның орындалуы үшін борышкерден мүліктің немесе қарыздың қайтарылуын талап етеді. Дегенмен, жеке сот орындаушысы да адам, онымен дауласып, жауласып жатудың орнына мәселенің байыбына барып, оны орындаудың қолайлы жолын, мерзімін ақыл таразысына салып, шешуге де болады емес пе. Кез келген тығырықтан шығудың амалын табуға болады. Заң талабын әр азамат орындауға міндетті ғой. Сондықтан жағдайды ушықтырмай, қандай да болсын күрделі мәселені шешуге болатынын өмірдің өзі дәлелдеп келеді.

Айгерім АСБЕКОВА,
Жетісу облысының жеке сот орындаушысы.

ЭКОЛОГИЯ

ОРМАН ЖӘНЕ ДАЛА ӨРТТЕРІНІҢ АЛДЫН АЛУ

Табиғи өрттердің белең алуының басым көпшілігі адамдардың алаңғасарлық, немқұрайлық және мәдениетсіздік әрекеттеріне байланысты. Ойланбай тасталған темекі тұқылы, сөнбей қалған от – осының барлығы орны толмас үлкен қайғыға соқтырады.

Талдау көрсеткендей, жаз кезеңінде өрт қауіпті маусымда өрттердің саны өседі. Бұл кезеңде ауданның өртке қарсы қызметі күшейтілген жұмыс тәртібіне ауыстырылады. Орманды дала алқаптарында өрттердің себептері әртүрлі: бұл қараусыз жағылған күйінде қалдырылған от, сөндірмей тастап кеткен темекі тұқылы, майланған, жанғыш заттарды және қоқысты қалдырып кету. Табиғатта өрттің себепкері болмас үшін жас ағаштың қылқан жапырақтарының, бүлінген орман учаскелерінің, шымтезекті батпақтың маңында, құрап қалған шөп орнында, ағаштардың астында отты жақпаңыздар. Отты тек қана арнайы белгіленген орындарда жағу қажет. Орманнан, дала алқабынан кеткен кезде, от толық сөнгенше топырақпен көміп немесе үстінен су құю керек, артыңыздан жанғыш заттарды, қоқысты, сөндірілмеген темекі тұқылын тастамау керек.

Құрметті облыс тұрғындары, қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелеріне немқұрайлы қарамаңыздар, табиғат аясында өрт қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар! Орман және дала алқаптарында кез келген құрғақ шөптің жануын байқаған кезде оны сөндіруге кірісу қажет. Ал егер өз күшіңізбен сөндіру мүмкін болмаса, онда әрқайсысының міндеті ауылдық округтің әкіміне, орман шаруашылығының жұмысшыларына, өртке қарсы қызметіне және полицияға хабарлау керек. Құрғақ шөптің жануы қолда бар құралдармен, ағаштың бұтақтарымен, күрекпен және шартылдақтармен сөндіріледі.

Орманда өрт қауіпсіздік қағидаларын бұзғаны үшін, құрылыс маңында қоқыстарды жағу және егін жайларда алау жаққандары үшін кінәлі тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны жөнінде ескертеміз.

А. ҮСЕНОВ,
«Қапал орман шаруашылығы» КММ-нің орман шебері.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

ТЕМІР ҚОРШАУДАН -

«БҰЛ ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ МАҚАЛАНЫ ЖАЗУҒА ТҮРТКІ БОЛҒАН ЖЕРГІЛІКТІ КӨСЕМСӨЗШІ ЖЕКСЕНБЕК СҰЛТАНБЕКОВТІҢ ҚАРАТАЛ АУДАНДЫҚ «БАСТАУ» ГАЗЕТІНДЕ ЖАРЫҚ КӨРГЕН «ТЕМІР ҚОРШАУ» (№49 15.12.2023 Ж.) АТТЫ ЖАЗБАСЫ ЕДІ. ОНДА ҚЫЗЫЛЖАР АУЫЛЫНЫҢ БАЙЫРҒЫ ТҰРҒЫНЫ, ӘКЕ ӨНЕГЕСІН КӨРГЕН, ЕЛ ТАРИХЫН ЖАДЫНА ТОҚЫҒАН, ӨЗГЕЛЕРДЕН ҚАЗАҚШЫЛЫҒЫ МЕН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҒЫ ОҚ БОЙЫ ОЗЫҚ ТҰРАТЫН, ЖАСЫ СЕКСЕНГЕ ТАЯҒАН НАЙМАНХАН ДҮЙСЕНБАЕВТЫҢ ҚАЛАМЫ ҰШҚЫР ЖЕКСЕНБЕК ІНІСІН ІЗДЕП КЕЛІП, СОНАУ 1960 ЖЫЛДЫҢ ЖАЗЫНДА КҮТІМСІЗ ҚАЛҒАН ЕСКЕЛДІ БИ БАБАНЫҢ ЗИРАТЫНА ӘКЕСІ ДОСМЫРЗА МЕН ЖАНАШЫР ӨЗБЕК АҒАЙЫН АБДРАХМАННЫҢ ӨЗ ҚАРАЖАТЫНА ТЕМІР ҚОРШАУ ЖАСАТЫП, ҚОРШАҒАНЫНА ЖАНДЫ КУӘГЕР БОЛҒАНДЫҒЫ ҚАРАПАЙЫМ ТІЛМЕН БОЯМАСЫЗ ӘҢГІМЕЛЕНЕДІ. (ОҚИҒАНЫҢ ҚАЛАЙ ТУЫНДАП, ӨРБІГЕНІ ЖАЙЛЫ АЛДАҒЫ ТАРАУДА АЙТЫЛАДЫ). ХОШ ДЕЛІК, ОЙДЫ ОЙ ҚОЗҒАРЫ БАР ҒОЙ ТЕГІНДЕ...

Жексенбек досымның жағымды кейіпкеріне айналған қазақы болмысты, құрыш білекті, іс-әрекеті кесек, мінезі біртоға Найманхан ағамыздың адами болмысын мен де бірқыдыру білетінмін. Әлі есімде, еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізіп, даңқты батыр, би, әулие бабалар, ел ардақтыларының есімдері жаңғырып, халықтық құрмет көрсету үдерісі белең алғанда Қызылжар ауылы тұрғындарының қолдауы өз ұрпақтарының өтініш тілегімен осы өңірге үш қайнаса да сорпасы қосылмайтын «қайраткерлер» атауы өзгертіліп, оның орнына елге, жерге еңбегі сіңген майдангер, ардагер Досмырза ақсақалдың есімі беріліп, бір мәре-сәре болып қалғанымыз бар. Ағайын-туыс пен ауылдастардың, жергілікті билік өкілінің тіршілігінде төңірегіне тек жақсылық нұрын шаша білген ардақты азаматқа көрсетілген мұншалықты құрметке риза болған оның сүйікті перзенті Найманхан сол жолы айтулы оқиғаны ел есінде қалатындай дәрежеде той жасап, жақын жұрағаттың басын қосып, дүрілдетіп өткізіп еді (Өкінішке қарай, атасы мен әжесіне, әкесі мен анасына ілтипат көрсетіліп, көше атына ие болған тұста басын көтеріп, елге бір шәугім шай бере алмағандарды да көзіміз көрді). Атамыз қазақтың «Аталмай қалған күн жаман» қағидасына адалдық танытқан Найманханның тағылым аларлық бұл іс-әрекеті нағыз ерліктің өзі десе жарасады.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының ортасын ала жариялылық желі ескеннен бергі кезеңде Қаратал мен Көксу өңірін мекендеген, мәңгілік тұрағын тапқан батыр, би, әулие һәм шешендер туралы тарихи тақырыпты көтере бастаған маған Найманхан сырттай іш тартып, бір жолы әлгіндегі Жексенбекке айтқан деректерінен мені хабардар еткені есімде. Түбінде бір қажетке жарар деп қағазға түсіртіп алған жазба осы мақаланы жазарда жеке мұрағатымнан табыла кетті. «Керек тастың ауырлығы жоқ», - деген осы болса керек. Көпшілік ортадағы жолығысудан болар, оның айтқан мағлұматын барынша қысқа, тақұл-тақұл жазыппын. Жексенбекке баяндағанын маған да асыға-аптыға айтқаны, үй және ұялы телефон нөмірін беруді де ұмытпағаны тайға таңба басқандай сезіледі. Сонымен бүгінгі және келер ұрпақтың кәдесіне жарар деген мақсатпен араға бірнеше ғасыр салып, небір зобаланды кезеңде халқымыздың бетке ұстар аруағына сыйынар әулие мен билерін, сұлтаны мен болысын, ишаны мен молдасын күресінге лақтырғандай күй кештірген, мешіті мен зиратын, кесенесі мен күмбезін талқандап, қиратуға дейін шайырлар мен ақындардың өлең-жыры мен қисса-дастандарын діни исламшыл бағыттағы деп жариялама тастаған Кеңестік қызыл империяның өктемдігінен әупірімнің күшімен аман қалған, жұрнағы сақталып, қайта бүтінделген, қираған қабырғасы қайталай тұрғызылған тарихи ескерткіштің бірегейі – ел қорғаны Ескелді би бабаның қазіргі сәулетті кесенесіне дейінгі басынан өткізген, елеулі деген оқиғаға тоқталайықшы.

Ел болса, ер туғызбай тұра алмайды

Халқымыздың эпик ақыны, ұлтына «Исаның желдірмесі» атты әуезді ән қалдырған Иса Байзақов «Құралай сұлу» поэмасында: *«Ер туып, жоқ елді бар қыла алмайды, ел болса, ер туғызбай тұра алмайды»*, – деп тебіренгеніндей Жетісу өңірінде бірнеше ғасыр бұрын ел бағына туған



ерен ердің бірі Жылкелдіұлы Ескелді болатын. (Би бабамыздың ел бірлігі мен дала демократиясын нығайтудағы сан салалы іс-қызметі, тарихымыздан ойып тұрып алған орны туралы қыруар ғылыми еңбек пен танымдық кітапта баяндалғандықтан оны қайталауды артық санадым. Автор). Туралай тартып, негізгі тақырыпқа көшкенді жөн санадым. Қараталдың кеудесі қазынаға толы шежірелі қариялардың бізге аманаттап айтып кеткен құнды дерегіне сүйенсек, жауынгершілік заманда араларынан қыл өтпестей достықта ғұмыр кешкен үзеңгілес, ниеттес жолдас болған Ескелді мен Балпық би бабамыз фәни дүниеден бақилыққа үздік-создық аттанарының алдында ағайын-туысы мен ұрпағына: *«Біріміз Қараталдың оң, ал екіншіміз сол жағынан орын алайық. Халқымызды рухымызбен қолдап-қорғап жатайық»*, – деп тілек білдірсе керек. Қос әулиенің бұл өтініші екі етілмей орындалады. Осылайша Есекенің бейіті тіршілік нәрі – Қаратал өзенінің іргесіндегі Қызылжар өңірінің (қызғылт түсті топырағына сай аталған) дөң төбесіне орын тербеді. Көшпелі өмір салтын ұстанған бабаларымыз қалыптасқан дәстүр бойынша Есекеңнің зиратын қолдан құйылған қам кесекпен күмбезді етіп (иленген балшық құрамына жылқы мен ешкі қылы, бие сүті қосылып, беріктігі нығайтылған) көтерген деген болжам бар. Басына нендей құлпытас құйылғаны бізге беймәлім. Ол бейіттің Есекеңе тиесілі екендігі әкеден балаға, одан немереге ауызша айтылып, барар жолы көрсетіліп отырған. Патша заманында да, Кеңестік дәуірде де жылдың төрт мезгілінде жердің шалғайлығына қарамастан, ат және түйемен, арбамен тіпті жаяу жалпылап мінажат, зират етіп, ақ бойлап, түнеуге келушілер қатары бір сәт те сиремеген. Бұл үрдіс бүгінгі таңда да жалғасуда.

Құдайсыз, дінсіз қоғам құрамыз деп теріс пиғылды саясат ұстанған кешегі Кеңестік өкіметтің жергілікті жердегі ұрдажық, әпербақан шолақ белсенділері халықтың атағы аспанға шығара «дәріптелген» Күн көсемдеріне (В. Ленин И.Сталин т.б.) емес ел ардақтылары: Ескелді мен Балпық сынды ардақтыларына көбірек иланып, сенетіндігіне, олардың аруағына арнап құдайы тамақ пен ас беретіндігі қызғаныш пен көреалмаушылық тудырады. Осындай теріс пиғылдың салдарынан 1951 жылы Ескелді бабаның ғасырлар бойы міз бақпай келе жатқан бейіті қарау жандардың қолымен қиратылады. Алланың қарайласқаны болар, қаскөйлердің зиратты бір жолата талқандауға шамалары келмейді. Әулие аруағынан қаймығады, тіпті зәрелері ұшып қорқады. Бұған қырықыншы жылы салынған Қаратал Басбөбегінен аудан орталығына қарай тартылған Үштөбе каналының бейіт жанынан амалсыздан иін жасай отырып жүргізілуі (Канал қазушы тракторшылардың теріс қылық көрсетуінен аяқасты ажал құшу оқиғасынан сескенгендіктен) нақтылы мысал болады. Аруақты жерден ат үркеді деген осы болса керек.

Темір қоршау мен сәнді күмбез

Құрметті оқырман! Сәл сабыр сақтасаңыз, халықтың басты назарында болған әулие баба зиратын мал аяғынан қорғау мақсатында айналдыра төрт бұрышты темір қоршаумен қоршап, киіз үй үлгісіндегі күмбезінің жүргізілуіне де келіп жеттік. Енді сол оқиғаның жанды куәгері болған, бүгінде жасы жетпіс сегізге жеткелі отырған Найманхан Досмырзаұлының естелігіне жүгінейікші.

Үштөбе каналы іргесіндегі Ескелді би бабаның ежелгі қам кірпіштен тұрғызылған зиратын ең алғаш 1953 жылы жеті жасымда анам Нәсіпке еріп барып, көрген едім. Арада өткен жеті жылдан соң әкем Досмырза мен ауылдас жанашыры, дін мен аруақты қастерлейтін өзбек ұлтының өкілі Әбдірахман Ходжаев бірлесіп, қаржы шығарып Үштөбе РМЗ-да (жөндеу механикалық заводы) тапсырыспен жасалған, мал аяғынан қорғайтын төрт бұрышты темір шарбақпен қоршағының куәгерімен. Сол төңіректегі ескі қорымға 1958 жылы өмірден озған інімнің жерленгені де есімде. Әулие бабаның қам кірпіштен тұрғызылған күмбез нышанды бейіттің ізі сол қорымның бірінде ғана сақталған. Алланың маған берген нығыметі болар, халық құрметіне бөленген би бабамыздың мұнан кейінгі жылдары басына орнатылған үлкенді-кішілі ескерткіш белгісі мен сәулетті кесенесінің қалайша бой көтергенің көзіммен көріп, көкірегімнен түйсініп жүрген жайым бар. Өткен тарихымыздан хабардар ететін бұл оқиғаны қағазға түсіріп, аудандық «Бастау» газетіне (15.12.2023 ж.) жариялаған, мәдениет қайраткері, қаламгер Жексенбек Сұлтанбеков мырзаға айтар алғысым шексіз, – дейді Найманхан ақсақал өткен күнді тебірене еске алып.

Халық қашан да қазына. Халық жұмылса, қамал тұрғызады. «Ел құлағы – елу» дегендей, Үштөбелік ағайындардың тозып, күтімсіз қалған баба бейітін қоршап, қамқорлық жасағандығы туралы жақсылық хабар Қарабұлақ төңірегін жайлаған әулие ұрпақтарына да жетеді. «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді» дегендей, Сиыршы ағайындардың бас көтерер ақсақалдары мен азаматтары жиналып, ақылдасады. Көптеп, көмектеп қаражат жинауды, сол ақшаға темір күмбез қаңқасын жасауды, оны ұзатпай орнатуды ұйғарады. Біз бұл турасындағы өрбіген оқиғаны көрнекті қаламгер ағамыз Ұзақбай Доспанбетовтің Алматы облыстық «Жетісу» газетінде жарияланған «Тұяғынан от ұшқан» деректі әңгімесі (29.10.2011 ж.) негізінде баяндағанды құп көрдік. Әңгіменің басты кейіпкері Күнсая шешейдің 1995 жылдың тамызында ел тарихына ден қойған жазушыға әңгіме барысында бабалар жайлы ақтарыла сыр шерткені негізінде төмендегі деректер көпшілікке жария етіледі. Онда: *«Алпысыншы жылдардың басында Талдықорған өңіріндегі менің туған ауданымның орталығы Қарабұлаққа таяу Қарасу, Екпінді атты ауылдардағы бес-алты қария бір іске бел буыпты. Онысы сол Үштөбе маңында жатқан Ескелді би атаның басына мазар тұрғызу еді. Ол үшін ең алдымен қаржы жию керек»* – деп баяндалады. Қажетті ақша Талдықорған, Қаратал, Көксу ауданындағы иман жүзді жандардан жиналған соң, Текелі қаласындағы құрылыс мекемесіндегі жұмысшыларға тапсырыс береді. Сызба бойынша керекті темір-терсек пен өзгедей жабдықтар Екпінді ауылындағы Биата ұрпағының бірі, молдашылығы бар Мұқаштың үйі ауласына түсіріледі. Бұл жайттан ел жұрт құлақтанады. Дін мен әулие десе қарадай тыжырынатын шолақ белсенділердің бірі ауданның сол тұстағы бірінші басшысына отқа май құйғандай етіп жеткізеді. Қолындағы билігіне масаттанған, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс дәрежесіне жеткен кеудесіне нан піскен әлгі басшы игі істің басы-қасында жүрген Мұқаш пен Нұрсағатқа, бригадир Ешбай Керімбековке шүйілігеді. *«Қайдағы жоқты шығармай, тыныш жүріңдер. Өлінің басына мазар орнатамын дегенді тоқтатыңдар!»* – деп зілденеді. Әйтсе

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

СӘУЛЕТТІ КЕСЕНЕГЕ ДЕЙІН

де ниет еткен тірліктерін жарты жолда қалдыруды ар санаған баба ұрпақтары бастарын қатерге тіге отырып, көздеген мақсаттарына қулықтарын асыра отырып жетеді. Олар Текелідегі сөз байласып жүрген жұмысшыларға (электр дәнекерлеушісі, темір ұстасы, жүргізушісі бар). *«Қосымша үстеме ақы береміз, шаруаны мұқият тындырсаңдар болғаны. Электр трансформаторы өздеріңнен. Сендерге келіп кетер қатер жоқ»* – деп көндіреді. Аруақтарға арналып жеті шелпек пісіріледі. Содан екінті намазынан соң сынның тезіне алынған Мұқаштың ауласындағы темір-терсек пен қажетті құрал сайманды, жеткілікті азық-түлікті, қарулы жігіттерді таңдап алып ауыр-жеңіл салмақты екі-үш машинаға тиейді де «Алла, жолымызды оңғарсын!» – деп Үштөбенің Қызылжарына тартып кетеді. Діттеген жерге жетіп, ұрыста-тұрыс жоқ дегендей, алдымен әулие аруағына құран бағыштайды. Ізінше «Ескелді бабам жар бола көр!» – деген игі тілекпен киіз үйдің сұлбасын танытатын, шеңберлі күмбездің темір қаңқасын ептілікпен құрастыруды бастап кетеді. Күні бұрын ойластырғандай, өздері мініп келген автокөліктің маторын қосып, шамын жағып, қараңғылықты сездірмейді. Ұрпағының сауапты, қайырымды ісіне көңілі толғандығы болар, Ескелді бабаның аруағы қолдайды. Көк жүзіндегі толысқан айдың сәулесі де қарайласады. Әйтеуір не керек, түн жарымынан аса ойға алған шаруаларын тиянақты етіп орындайды. Осылайша бір түннің ішінде ел ардақтысы, мәңгілік жасар асылдың бірі – әулие бабаның басы қарайтылады. Арада он шақты жыл өткесін ел азаматы, білікті шаруашылық басшысы Көшкінбай Жанатовтың бастамашылдығымен шеңберлі темір қоршаудың іш жағына қара мраморға баба есімі мен тегі жазылған құлпытас орнатылады. Айтпақшы, қалың көпшілікке топырақ шашпақшы, үркітіп, қорқытпақшы болған ауданның сол тұстағы аруақпен жағаласқан атеист басшысы отбасының берекесі кетеді. Жақындары төтеннен қаза табады. Ал өзінің беделі түсіп, халыққа тура қарайтын беті қалмайды. «Аруақпен алысқанның арты оңбас» деген осы болса керек. Осы жолдар авторына 1991 жылдың жазында бабаның темір қоршаулы зиратын көру бақыты (ол жайында алдағы тарауда әңгімеленеді) бұйырып еді.

Жариялылық желі, ақтаңдақтар ақиқаты

Ұшқыр уақытта тоқтам болған ба, тәйірі! Адам ой-санасының жетілуіне орай қоғамның дамуында да өзгерістер болып тұратыны заңдылық. Өткен ғасырдың сексенінші жылының ортасын ала әлемде алпауыт АҚШ-тан соң қуатты, азулы держава саналатын КСРО-да жариялылық желі есіп, демократиялылық жаңару үрдісі, «Қайта құру» кезеңі басталды. Оның жеделдеуіне, қарқын алуына 1986 жылы 16-17 желтоқсанда Алматыда өткен қазақ жастарының өктем билікке атойлап қарсы тұрған көтеріліс дәрежесіндегі қозғалысы дүмпу туғызды. Кеңестік кезеңде тиым салынған ақтаңдақтар тақырыбы біртіндеп ашыла, жазыла бастады. Оның ұшқынын, көрінісін орталықтан шалғайда жатқан Қараталдағы біздер де сезіне бастадық. Хал қадірімізше, шама-шарқымызша аудандық «Коммунизм жолы», облыстық «Октябрь туы» газеті арқылы Қаратал өңірінде мәңгілік тұрағын тапқан ел ардақтылары: Ескелді, Балпық би, Жолбарыс батыр, 1937-1938 жылдары саяси-қуғын сүргінге ұшыраған жазықсыз жапа шеккендер, бертінде ақталғандар туралы жазылып, келелі мәселе көтеріле бастады. Қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеру бағытында құрылған республикалық «Қазақ тілі» қоғамының аудандық бөлімшесінің бағдарламасы негізінде қаржы жинау мақсатында «Ескерткіштерді жаңарту қоры» есеп-шоты ашылды. Ақындар айтысы жанданды. Наурыз мейрамы мен асыл дініміз қайта оралды. Алғашқы қадам, алғашқы талпыныс ретінде партия дүрілдеп тұрған кезде аталған есеп-шотқа қаржы жинау және аудандық мұсылмандар мешітін салу дайындығы басталды.

«Халық сұраса хан түйесін сояды» демекші, облыс басшылығының ұйғарымымен Талдықорған өңірінде



«1991 жыл - халық қаһармандары жылы» деп жарияланды. Аталған жылдың тамызында Үйгентас жайлауында дарабоз батыр атанған Қаракерей Қабанбайдың 300 жылдығы республикалық деңгейде дүркіреп өтті. Алла сәтін салып, ел жұрт алқалап қолдауынан кейін сол тұстағы аудан басшылығы алдымен кеңес, ізінше әкімшілік құрылымы 1992 жылдың күзінде Ескелді би әулиенің мерейтойын жоғары деңгейде атап өтудің дайындығын қызу жүргізді. Сол кездегі аудан басшысы, Кеңес төрағасы Қараталда шаруашылық бас заботехнигі, ізінше совхоз директоры өсіп облыстық агроөнеркәсіп басқармасын басқарған Анатолий Степанищев еді. Бұрынғы басшылардай саясат қуудан гөрі, өндіріс пен ел мүддесін көбірек ойлайтын бұл азамат бағымызға қарай даңқты бабаларға құрмет көрсету, жаңадан мешіт салу турасындағы ел тілегі мен өтінішін қызу қолдады. Аудандағы іргелі өндіріс кәсіпорындары мен шаруашылық, мекеме басшыларына игі іске қайырымдылық есебінен қаржылай үлес қосу талабын қойды. Сұрады, қадағалады. Ізгі шаруаның бір жағында аудандық «Қазақ тілі» қоғамы бөлімшесінің басқарма мүшелері: Р.Мұраділов, Т.Шәріпбаев, Ш.Исабеков, Ж.Сұлтанбеков, С.Мұқашев, Л.Ғисанов, Т.Иманғалиев, А.Әбдіқұлов жүрді. Келесі бір жиында бабаның алдағы мерейтойына дейін халық қаражатына ескі зиратының орнына қазіргі заманғы үлгідегі кесенесін тездетіп салу мәселесі сөз болды. Бұл міндет алғашқы кезекте біздің қоғамның белсенді мүшелері мен аудандық құрылыс және архитектура бөліміне жүктелді. Сеніп тапсырылған шаруаны нәтижелі орындау парыз. Қарап қалмадық.

Әлі есімде, келелі іс кеңесуден басталды ғой. Берекелі 1991 жылдың қыркүйек айында қашан да сөзіне ісі сай келетін, бабаларға құрмет десе буырқанып тұратын, арыстан жүректі Сақбай Мұқашев ағамыздың бастамасымен, шаруашылық басшысы мен ақсақалдардың қолдауы арқасында бабаның басына киіз үй тігіп, жылқы сойып, құдайы тамақ берді. Оған аудан басшылары мен облыс орталығы мен көрші аудандағы ниеттес ағайындар қатысты. Дастархан басында алғашқы кезекте уақыт күттірмей Ескелді әулие кесенесін көптеп, көмектеп салуға уағдаласты. Сабақты ине сәтімен дегендей, біздің де тағатсыздана күткеніміз осы еді. Болашақ кесененің жобалаушысы болған, бұған дейін Өтенай ауылында Бақтыбай ақын құрметіне бой көтерген ескерткіш белгінің авторы, білімді, іскер әрі шығыс сәулет өнерінен мол хабары бар Аркадий Намға жүктелді. Оған құрылыс мекемесін тартып, кесененің салыну жұмысына бас-көз болу орынбасары В.Банитке (осы тұста оқырманнан кешірім сұрарым, кесененің іргетасы құйылып, қабырғасының көтерілуі әлгінде сөз еткен құдайы тамақтың алдында немесе кейінде барғанымды есіме түсіре алмадым) тапсырылды.

Көп адамға бүгінгі сәулетті кесененің алғашқы жобасы қалай сызылып, арнайы комиссияда қаралып қалайша қорғалғаны қызықты көрінеріне шүбәсізбін. Басшылықтан нақты тапсырма алысымен үлкендермен ақылдаса отырып, архитектор Аркадийді жаныма алып Жаңаталап ауылында тұратын көпті көрген, имандылығы басым еңбек ардагері Манасбай Назарбаев ақсақалға арнайылап бардық. Мән-жайды түсіндіргеннен соң баба бейіті басына баруды, салтымызға сай дәстүр жоралғысын жасауды сұрадық. Келісіп, ризашылығын білдірген ағамыз екі сөзге келмей Қызылжар өңіріндегі әулие зиратына бізбен бірге барды. Алдымен баба және сол төңіректе жерленген марқұмдар рухына құран бағыштады. Үйінен әдейілеп алып шыққан ақтық шүберекті ырым етіп киіз үй пішіндес бейіттің керегесіне, уығына байлады. Ескелді бабаның ел ауызында жүрген қадір қасиеті мен әулиешілігі туралы білгенін әңгімеледі. Біздің, болашақ халықтың ісімізге сәттілік тіледі.

Халық қуаттаған, басшылар жақтаған елдік шаруа Ескелді би кесенесін салу құрылысы сол бір 1991 жылдың күзінде басталды. Оны жобадан тыс ауытқымай салу жағы аудандағы Кудрявцев жетекшілік ететін құрылыс мекемесіне тапсырылды. Содан не керек, озық үлгідегі көркем, көз тартар кесене құрылысы 1992 жылдың қазанында өткен баба мерейтойына дейін толықтай аяқталды. Сол кезде құрылыс жұмысының ілгерілеуіне, темір бетонды құрылыс материалымен жабдықтауға кейінде ҚР Парламенті мәжілісінің қос мәрте депутаты болған Көбес Ақылбаевтың көрсеткен көмегі, тигізген шарапаты зор. Тағы бір айтпағымыз, осы екі аралықта аудан басшылығы ауысты. Ұлты мен тәрбиесі басқа болса да қазағымның салт-дәстүрін қастерлеген А.Степанищев қызмет бабымен өсіп, облыс әкімшілігі басшысының (С.Тұрсынов) орынбасарына тағайындалды. Президенттік жаңа құрылымға сай жасақталған аудан әкімшілігі басшылығына өмірлік тәжірибесі мол Төлеужан Садықұлов (1992 жыл, ақпан) келді. Ендігі аяқталмай қалған баба кесенесі мен мұсылмандар мешіті құрылысын аяғына дейін жеткізу міндеті Төлеужан ағамызға жүктелді. Ағамыз бұл тапсырманы өз құзіретінде абыройлы орындады.

Қадірменді оқырман! Нақ осыдан отыз екі жыл бұрын ел жүрегіндегі Ескелді бидің мерейтойы қандай дәрежеде өткенін бастан-аяқ баяндаудан тартыншақтай отырып (Журналист, шежіреші О.Исмаилов пен басқа да қаламгерлер жазбасында егжей-тегжейлі баяндалғандықтан, оны қайталауды артық санадым. Автор) кесененің бұдан кейінгі жылдардағы тарихына тоқталғанды, басты тақырыптан алшақтамауды жөн санадым.

Осылай бола тұрса да, атақ даңқы шартарапқа мәлім Ескелді бабаның құдірет күші болар, сол жолғы мерейтойға еліміздің ығайлары мен сығайларының бір шоғыры қатысты. Олардың қатарында Үкіметтік аппаратынан мемлекет қайраткері М.Жолдасбеков, тұңғыш қазақ ғарышкері Т.Әубәкіров, атақты режиссер А.Тоқпанов, тарихшы, әдебиетші ғалымдар: У.Шәлекенов, Т.Кәкішев, Р.Нұрғалиев, жазушылар: Қ.Жұмаділов, О.Бөкей, Ж.Ахмади, ақын М.Шаханов, халық әртісі Ә.Өмірзақова тағы басқалары қатысты. Ең есте қалармлығы, Қазақстанның бас муфтиі Рәтбек қажы кесененің ашылу салтанатында әулиенің аруағына арнап құран бағыштады. Қараталдан бөлек: Көксу, Талдықорған, Кербұлақ, Балқаш, Ақсу, Қапал ауданы есебінен жүздеген ақ біз үйлер тігілді. Небір жүйріктер қосылған аламанды бәйге өтті. Театрландырылған қойылым көрсетілді. Әйтеуір не керек, 1992 жылдың 8-9 қазанындағы Қаратал өңіріндегі осы бір айтулы оқиға ел назарында болды. Көп адамға әулиенің шарапаты молынан тиді. Сол жолғы шақыру билетіндегі: *«Еңсесін тік көтеріп халық бүгін, тірілтіп сөйлетуде тарих тілін. Енді Ескелді бабаның асы болмақ, елінің аңсап өткен жарық күнін»*, – деген жыр жолы толықтай жүзеге асты. Алыстан-жақыннан келген ағайында сәнді салынған күмбезді, еңселі кесененің сұлулығына тамсанды, елдің ынтымақ бірлігіне тәнті болды. Би бабаның мерейтойы қарсаңындағы көпшілікті ұйымдастыру, насихаты мен көркемдік жағын қамтамасыз етуде сол тұстағы аудан әкімінің орынбасары Әміре Әріннің сіңірген еңбегі ерекше болды.

Суретте: Ескелді би кесенесінің 1992 жылы салынған және 2018 жылы жаңартылған көрінісі.

Жалғасы 13-бетте.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СОВЕТЫ ЮРИСТА

ИСПОЛНИТЕЛЬНАЯ НАДПИСЬ НОТАРИУСА

В Закон Республики Казахстан «О нотариате» внесены изменения, которые наделили нотариуса правом совершения двух новых действий, одним из которых является совершение исполнительных надписей.

Исполнительная надпись представляет собой распоряжение нотариуса о взыскании с должника причитающейся взыскателю денежной суммы или истребования движимого имущества.

Для взыскания денег или истребования иного движимого имущества от должника нотариус совершает исполнительную надпись на документе, устанавливающем задолженность, или выдает соответствующее постановление.

Обязательным условием для совершения исполнительной надписи на документе, устанавливающем задолженность, является бесспорность права кредитора взыскать причитающееся с должника обязательства. Иными словами, нужны документы, подтверждающие принятие должником определенных благ и неисполнением им встречных обязанностей.

В соответствии с главой 14-1 ст. 92-1 Закона Республики Казахстан «О нотариате» нотариусы совершают исполнительную надпись при соблюдении следующих условий:

1. если представленные документы подтверждают бесспорность задолженности или иной ответственности должника перед взыскателем;

2. если со дня возникновения права на иск (заявление) прошло не более трех лет.

3. если для требования, по которому выдается исполнительная надпись, законодательством Республики Казахстан установлен иной срок давности, исполнительная надпись выдается в пределах этого срока.

Перечень требований, по которым взыскание задолженности производится в бесспорном порядке на основании исполнительных надписей, установлен статьей 92-1 Закона Республики Казахстан «О нотариате»:

1) об исполнении обязательства, основанного на нотариально удостоверенной сделке;

2) об исполнении обязательства, основанного на письменной сделке, срок исполнения которой наступил и неисполнение обязательства признается должником, в том числе в ответе на претензию, направленную взыскателю в порядке досудебного урегулирования спора;

3) об исполнении обязательства, основанного на протесте векселя в неплатеже, неакцепте и недатировании акцепта, совершенном нотариусом;

4) об истребовании предмета лизинга в соответствии с договором лизинга или законами Республики Казахстан;

5) об обращении взыскания на предмет залога по истечении срока возврата кредита, предъявленного ломбардом к должнику-залогодателю;

6) о взыскании задолженности с собственников помещений (квартир), уклоняющихся от участия в обязательных расходах на содержание общего имущества объекта кондоминиума, утвержденных Законом Республики Казахстан «О жилищных отношениях», за исключением требований о взыскании дополнительных расходов;

7) о взыскании задолженности на основании публичных договоров за фактически потребленные услуги (электро-, газо-, тепло-, водоснабжение и другие), а также иных договоров за услуги согласно установленным тарифам, срок оплаты по которым наступил;

8) о взыскании арендных платежей ввиду их неуплаты в сроки, установленные договором аренды;

9) о взыскании начисленных, но не выплаченных работнику заработной платы и иных платежей.

В соответствии с пунктом 221 Правил совершения нотариальных действий нотариусами заявление взыскатель вправе подать любому нотариусу независимо от места нахождения взыскателя и должника и места исполнения по надписи. Заявление должно содержать фамилию, имя, отчество (при его наличии) взыскателя и должника, их ИИН и место жительства. Если взыскатель и/или должник являются юридическим лицом, в заявлении указывается полное наименование юридического лица, его БИН, адрес местонахождения, банковские реквизиты, а также подтверждается полномочие первого руководителя или его представителя на подписание и подачу заявления.

В заявлении взыскатель также указывает сведения об отсутствии на момент обращения за совершением исполнительной надписи судебного спора с должником об исполнении обязательств и о непогашении задолженности. Подлинность подписи на заявлении физического лица нотариально свидетельствуется. Заявление, представляемое от имени юридического лица, подписывается первым руководителем и главным бухгалтером (при его наличии), скрепляется печатью юридического лица.

Должник вправе в течение десяти рабочих дней со дня получения копии исполнительной надписи или соответствующего постановления направить нотариусу, совершившему исполнительную надпись или вынесшему соответствующее постановление, возражения против заявленного требования в письменном виде с уведомлением.

Возражение должника должно содержать причины несогласия с заявленным требованием.

В соответствии со статьей 92-5 Закона РК «О нотариате» исполнительная надпись может быть предъявлена к принудительному исполнению в течение трех лет со дня ее совершения, если законодательством не установлены иные сроки. Восстановление пропущенного срока для предъявления исполнительной надписи производится в соответствии с гражданским процессуальным кодексом Республики Казахстан.

Исполнительная надпись имеет силу исполнительного документа, и взыскание по ней производится в соответствии с требованиями законодательства об исполнительном производстве.

Преимущество данного способа взыскания задолженности является:

- экономия денежных средств.;
- кратчайшие сроки совершения нотариального действия, по сравнению с рассмотрением дела в суде.

Таким образом, исполнительная надпись нотариуса, как новый вид нотариального действия, упрощает порядок действий, направленных на защиту прав и законных интересов граждан и юридических лиц.

Елена КИМ,
нотариус
нотариального округа
области Жетісу.

БИЗНЕС

НА КРАТКОСРОЧНОЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ ЕСТЬ СПРОС

Как передает пресс-служба региональной палаты предпринимателей города Алматы, в РПП проведено разъяснение НПА по краткосрочному профессиональному обучению в рамках Национального проекта по развитию предпринимательства на 2021-2025 годы.



В мероприятии приняли участие представители Карьерного центра, Управления образования, руководители колледжей города Алматы, учебные центры и предприниматели.

По словам управляющего директора РПП г. Алматы АкеркинЭралиевой, одним из направлений работы Палаты является содействие в открытии учебных центров. На базе центров реализуется Национальный проект по развитию предпринимательства на 2021-2025 годы. Учебные центры из Реестра НПП РК «Атамекен» осуществляют подготовку специалистов по запросу работодателей города.

Руководитель Карьерного центра г. Алматы АдлетЖанабаев сообщил, что профессиональное обучение, включает в себя профессиональную подготовку, переподготовку в целях получения новых специальностей, навыков и повышение квалификации в рамках мер содействия занятости, предусмотренных Социальным Кодексом РК.

«По профессиональному обучению в 2023 в Алматы трудоустроено 813 человек. Согласно Правил, работодатель в течении 10 рабочих дней после завершения обучения безработным на основе Социального контракта трудоустраивает его на заявленное рабочее место сроком не менее 6 месяцев», – сказал спикер.

В прошлом году были в спросе обучения по рабочим профессиям как кондитер, повар парикмахер, бухгалтер, автоэлектрик, швея, экскурсовод, массажист, мастер маникюра и т.д.

РПП «Атамекен» осуществляет отбор организаций образования и включает их в реестр учебных центров при соответствии следующим критериям:



- использование элементов дуального обучения с наставничеством;
- наличие не менее 6 месяцев опыта проведения обучения;
- наличие материально технической базы;
- наличие образовательных программ обучения;
- наличие уровня трудоустройства не менее 60% лиц, прошедших обучение.

Для того, чтобы пройти обучение безработным необходимо обратиться в Центр занятости населения города Алматы по адресу: проспект Достык 85, 2-й этаж, стол №36, телефон: +7 747 849 0023 (WhatsApp)

В завершении мероприятия предприниматели задали свои вопросы представителям госорганов.

Ш. ХАМИТОВ.

Бейсенбі - Четверг, 15 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.40«Шаңырақ»
06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.20, 13.10, 21.25 Т/х «Ауыл мұғалімі-2»
13.30, 02.45 «Өмір көркем»
14.35 «Ауылдастар»
15.15 «Бірегей»
16.05 Т/х «Жат бауыр»
20.30, 00.40 «Ашық алаң»
22.15 Т/х «Бауырлар»
23.10 «1001 түн»
01.35 «Сана»

ХАБАР

05.00 Т/х «Өз үйім»
07.00 «Оян»
10.00 «Школа»
10.25 «Культурный контекст»
11.00 Мультсериал
12.00, 20.00 Т/х«Алданған үміт»
14.00, 21.45 Сериал «Қарасу»
15.00 «Бәсеке-2»
16.00, 23.30 Сериал «За витриной»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Талқы»
22.30 «Хабарлайк»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз!»
06.50Т/х «Ене»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-4»
10.00, 22.45 Т/х «Ана бақыты»
11.00 Т/х «Кеш келген махаббат»
12.20,23.45Т/х «Кэ Бэк»
13.50, 02.00 Т/х «Өткінші жаңбыр»
16.30 Сериал«Отдай мою мечту»
15.40Сериал «Осколки»
20.00 «Астана таймс»
21.55 Т/х «Лакшми»
01.00 Сериал «Склифософский»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Тамаша сити»
07.00, 03.30 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.15 «Жить здорово»
11.10 «Давай поженимся»
12.00 Детектив «Господа офицеры»
14.00, 01.45Новости
14.15, 02.00 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.00 Басты жаңалықтар
19.00, 02.15 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Розыск-2»
00.00 «Контейнер»

КТК

07.05, 19.30,04.00Кешкі жаңалықтар
07.30Т/х «Жан жылуы»
08.00, 02.50Т/х «Бақытты аңсағандар»
09.30, 21.00 Вечерние новости
10.10, 01.20 «Было дело»
11.10, 23.30«Команда»
13.00, 21.40 «Маруся»
15.00Мелодрама «Қыл үстіндегі тағдыр»
20.00, 02.05 «Астарлы ақиқат»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Бүгін»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Мақсатына жеткендер»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Олжа»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Менің арманым»
19.30 «Ел қамы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00,03.30 Әзіл студио
07.20, 20.00Информбюро
08.00, 22.40 Т/х«Чукур»
09.00, 01.40 «Тайм вайн»
09.30,02.20«Тік Ток» шоу
10.00 Т/х«Пиноккио»
11.20, 12.10 Мультсериал
13.10Кино «Пиксели»
15.30 Кино«Люди в черном»
17.30 Кино «Вратарь галактики»
21.00 Кино«Люди в черном-2»
23.40 «31 әзіл»
03.00, 04.30 Ватсап
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 01.10Т/х «Ұлы дала жанұясы»
07.30 «Айна онлайн»
08.30, 02.00 «Бастық боламын»
09.20Сериал «Эксперт»
11.20, 19.40 Сериал «Кто ты?»
13.30 «Тойхана»
14.00 «О, махаббат!»
15.00 «Әзіл тайм»
16.00, 22.50 «Жаңа қоныс»
17.10 Т/х «Восс әйел»
17.40 Сериал «Солнечный ноябрь»
21.40 Сериал «Шторм»
00.00 «Жалдамалы әйелдер»
02.40 «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Жұма - Пятница, 16 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 02.55 «Шаңырақ»
06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.35 АҚПАРАТ
07.00 «TANSHOLPAN»
10.10, 18.00 Телехикая «ҚИЛЫ КҮНДЕР»
12.20, 21.25 Телехикая «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ-2»
13.10 «Ауыл мұғалімі-2». (жалғасы)
13.30 «ӨМІР КӨРКЕМ»
14.35 «Ауылдастар»
15.15,03.20 «БІРЕГЕЙ»
16.05 Телехикая «Сезім толқыны»
20.30 «ASHYQ ALAN»
22.15 Телехикая «БАУЫРЛАР»
23.10 «Жарқын жүздесу»
00.00 «Парасат майданы»
01.05 «Ashyq alan»
02.00 «Өмір көркем»
04.05 «Ғылым адамы»

ХАБАР

05.00 Сериал «Мой мужчина,моя женщина»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Мәртебелі өнер»
12.00,20.00 Телехикая «Алданған үміт»
14.00Телехикая «Бозторғай»
15.00 Сериал «Отдай мою мечту»
18.00 Новости
18.20 «Итоги» ток-шоу
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток-шоу «Талқы»
21.45 Мегахит. «Дикая»
23.45 «Cover show»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз»
06.45 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
07.20 Мультфильм «Машаи медведь»
09.00, 21.00 «ОСМАН-4» түрік телехикаясы
10.00, 21.55 «АНА БАҚЫТЫ» үнді телехикаясы
12.00 «КЕШ КЕЛГЕН МАХАББАТ» үнді телехикаясы
12.25«Қоғам назарында»
12.45 «Эксперимент»
13.00, 23.40 «КЭ БЭК» телехикаясы
14.20, 01.40 «Көру керек!»
14.40 Концерт «Елге сәлем»
17.00 Х/ф «Семья»
20.00 «Астана таймс»
00.50 Сериал «Склифосовский»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «ТАМАДА BATTLE»
07.00 «П@утина» бағдарламасы
08.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
09.00 «Доброе утро,КАЗАХСТАН!»
10.15 «Жить здорово»
11.10 «Давай поженимся!»
12.00 «Группа «ZETA»
14.00 «Новости»
14.15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KOREMIZ» бағдарламасы
20.00 «Главные новости»
20.30 «Парламент ONLINE»
20.50 «Поле чудес»
22.00«Разменная монета»
01.45 «Новости»
02.00 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
02.15«KOREMIZ» бағдарламасы
03.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
03.30 «П@YTINA» бағдарламасы

КТК

07.05,04.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
07.30 «ЖАН ЖЫЛУЫ»
08.00 «Бақытты аңсағандар»
09.20,21.00«Вечерние новости»
10.00 «Было дело»
11.00 Сериал «Команда»
13.00Сериал «Маруся»
15.00 «Қыл үстіндегі тағдыр»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ».
20.30 «KTKweb».
21.40 Сериал «Кочевница»
01.20 «Было дело»
02.05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ»
02.30 «KTKweb»
02.50 «БАҚЫТТЫ АҢСАҒАНДАР»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Сегодня»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Менің арманым»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Ел қамы»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Ел іші - өнер кеніші»
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісу жауһарлары»
18.00 «Иман нұры»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Экономtime»
19.30 «Ел мен жер»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.20 Информбюро (повтор)
08.00 «ЧУКУР» түрік телехикаясы (повтор)
09.00 Time Vine
09.30 TikTok show
10.00 Т/х «Пиноккио»
11.20 «Машаи медведь»
12.20 «Команда «Мстители»
13.10 КИНО «Защитник»
15.10 КИНО «Каратель»
18.00 КИНО «Лысый нянька. Спецзадание»
20.00 Информбюро
21.00 КИНО «ZOMБИЛЭНД. КОНТРОЛЬНЫЙ ВЫСТРЕЛ»
23.00 «ЧУКУР» түрік телехикаясы
00.00 «31 Әзіл»
01.40 Time Vine
02.20 TikTok show
03.00 What 's up?
03.30 Әзіл студио
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What 's up?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 01.10 Телехикая «ҰЛЫ ДАЛА ЖАНҰЯСЫ»
07.30, 23.40 «Айнаонлайн»
08.30, 02.10 Телехикая «БАСТЫҚ БОЛАМЫН»
09.30, 17.40 «Солнечный ноябрь»
11.30 Т/с «Кто ты?»
13.40 Телехикая «Махаббат,қызықхикая»
14.40 Телехикая «Тойхана»
15.10 Телехикая «О, МАХАББАТ!»
16.10 Т/х «Шабдалы-18»
17.10 Т/х «BOSS ӘЙЕЛ»
19.40 Сериал «Управдомша»
00.10 Т/х «ЖАЛДАМАЛЫ ӘЙЕЛДЕР»
03.00 «Япырай»
03.50 «Жеңіп көр»

Сенбі - Суббота, 17 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Ауылдастар»
06.30, 17.00 АҚПАРАТ
07.00 «Күй-керуен»
07.30 «ШАҢЫРАҚ»
08.00 «Мұзбалақ»
09.00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР»
10.00, 18.00 Телехикая «ҚИЛЫ КҮНДЕР»
12.00 «Егіз лебіз»
14.30 М/ф «Ханшайым мен құрбақа»
16.00 Төлеген Мұхамеджановтың шығармашылық кеші
20.00 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ»
22.30 Телехикая «БАУЫРЛАР»
23.25 «Жарқын жүздесу»
01.15 Телехикая «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ-2»
03.25 «Теледәрігер»

ХАБАР

05.00 Телехикая «ҮКІМ»
07.00 Концерт «Өмірім-өнерім,Өнерім өрісім»
09.30 «Қазына»
10.00 Мегахит. «Дикая»
12.00 «Три богатыря и наследница престола»
13.20 «Турбозавры»
14.00,19.00 «Cover show» Мейрамбек Бесбаевпен
14.30 «Қызық times»
16.00 Т/х «КЕЛІНЖАН-3»
21.00 «7 күн»
21.40 Х/ф «Зубная фея»
00.00 «Әсем әндер»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз»
06.45Т/х «ЕНЕ»
07.15М/ф «Машаи медведь»
09.00, 21.00 Т/х «ОСМАН-4»
10.00, 21.55 Т/х «АНА БАҚЫТЫ»
12.00 «Алдараспан»
16.00 Х/ф «Квартиранты»
18.00 «ЗУ-ЗУ КҮЛПӘШ»
20.00 «SarapTimes» апталық-сараптамалық
23.40 Х/ф «Аким»
01.40 «Жұлдызбысың?»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «ТАМАДА BATTLE»
08.05 «П@утина»
09.00 «Путешествие с домашними животными»
11.10«Письмо по ошибке»
14.55 «Лучше всех!»
16.50 Х/ф «Побег за мечтой»
18.30 «АЙНА»
19.00 «X FACTOR»
20.00 «Джинн»
23.30 «Тайна печати дракона»
01.40 «ЭКСКЛЮЗИВ»
02.25 «АЙНА»
02.50 «П@утина»
03.35 «ТАМАДА BATTLE»

КТК

07.05 Т/х «ҮЛКЕН ҮЙ»
08.30 «КТК-да ҚАБАТОВ»
09.30 «KTKweb» (қайталау)
10.00 Вечерние новости
10.40 «Следствием установлено»
11.10 «Кочевница»
15.00 "ӨТКЕН КҮНДЕР»
17.00 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!»
18.00 «ШАНШАР»
21.00 «Рыжик»
00.50 Х/ф «Нартай»
02.35 «ӨТКЕН КҮНДЕР»
03.40 «КТК-да ҚАБАТОВ»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Иман нұры»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Экономtime»
13.30 «Шашу»
14.15 «Жетісу жауһарлары»
14.30 «Ел мен жер»
15.00 «Шаңырақ»
15.50 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісу жауһарлары»
18.00 «Жас тілші»
18.30 «Өмірлік бағдар»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 «Олжа»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 BalaFunny
07.30 «Машаи медведь»
08.00 «Күліп ALL»
08.30 TikTokшоу
09.00 Time Vine
09.30 «Алдараспан»
12.00 Х/ф «Лысый нянька. Спецзадание»
14.00 КИНО «Хотя бы в кино-2»
16.20 А/ф «Книга джунглей»
18.00 КИНО «Дамбо»
20.10 Х/ф «Исход.цари и боги»
23.10 Х/ф «ZOMБИЛЭНД. КОНТРОЛЬНЫЙ ВЫСТРЕЛ»
01.10 «Біздің шоу»
02.50 «31 езіл»
03.20 What's up?
03.40 Әзіл студио
04.00 1001 Әзіл
04.10BALA BATTLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00,01.40 «Келесі кім?»
08.00 Т/х «ТОЙХАНА»
10.10 «Измайловский парк»
12.10 Т/с «Февральская сирень»
16.00 «Жұлдызды шаңырақта»
16.40, 01.10 «Айнаонлайн»
17.10 Сериал «Управдомша»
21.10 Сериал «Пустой дом»
02.40 «Жеңіп көр»
04.10 «Япырай»

Жексенбі - Воскресенье, 18 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Ауылдастар»
06.30,03.20 «Шаңырақ»
07.00 «Күміс көмей»
07.45 «Дәуір даналары»
08.35 «Сағындырған әндер-ай!»
10.00, 18.00 Т/х «ҚИЛЫ КҮНДЕР»
12.00 «Егіз лебіз»
14.40 «Ханшайым мен құрбақа»
16.10 «ІНЖУ-МАРЖАН»
17.20 «Әйел әлемі»
20.00 «АПТА»
20.50 «АҚОРДА»
21.00 Бүркіт пен Аишаның концерті
22.15 Т/х «БАУЫРЛАР»
23.10 К/ф«Көкжалдар»
00.50 Т/х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ-2»
02.20«Апта»
03.10 «Ақорда»

ХАБАР

05.00Телехикая «ҮКІМ»
08.00 Концерт «Вальс»
10.00 Худ.фильм «Зубная фея»
12.00 «Дино Дана» мультфильм
13.25 «Турбозавры»
14.00 «Cover show» Мейрамбек Бесбаевпен
16.00 Телехикая «КЕЛІНЖАН-4»
18.15 «Алғашқы»
19.30 «Қызық times»
21.00 «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских расследований»
22.00 Х/ф «Первая дочь»
00.00 «Әке бақыты»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз»
06.45Т/х «ЕНЕ»
07.15 М/ф «Машаи медведь»
09.00, 21.00 «ОСМАН-4»
10.00, 21.55 «АНА БАҚЫТЫ»
12.00«Қарлығаш күзет агенттігі»
12.40 «Шымкент-шоу»
15.00 «ЗУ-ЗУ КҮЛПӘШ»
17.10 Х/ф «Аким»
19.20 Х/ф «Я пышка»
23.40 «Жұлдызды жекпе-жек»
01.20Х/ф «Семья»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «ТАМАДА BATTLE»
07.50 «Воскресные беседы»
08.05 «П@утина»
09.05 Т/х «БЕЙКҮНӘ»
11.05 «ҚАЙМАҚ»
11.40 Т/с «Первокурсница»
15.40 «XFACTOR»
16.45 «ӘГУГАЙ»
18.00 Х/ф «Куркуль»
20.00 «АНАЛТИКА»
20.45 «Чужие и близкие»
00.25«Пираты XX века»
01.55 «ӘГУГАЙ»
02.55 «П@утина»
03.35 «ТАМАДА BATTLE»

КТК

07.05 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ»
09.30,01.00 «ЮМОРИНА»
11.00 Сериал «Рыжик»
15.00 «Өткен күндер»
17.40 «50 жыл елмен бірге»
20.00 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!»
21.00 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»
22.00 Портрет недели»
23.00 «Муж в хорошие руки»
02.00 «ӨТКЕН КҮНДЕР»
03.00 «50 жыл елмен бірге»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Апта /қаз/
10.00 Апта /рус/
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Жас тілші»
12.30 «Өмірлік бағдар»
13.00 «Ұлт ұяты»
13.40 «Шашу»
14.30 «Әсем әуен»
15.00 «Шаңырақ»
15.50 «Әсем әуен»
16.20 «Мақсатына жеткендер»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Әсем әуен»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Сапарлайық»
20.30 «Ділмар»
21.10 К/ф «Қызыл диплом»
21.30 «Ел іші - өнер кеніші»
22.00 «Шіркін-ай»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 BalaFunny
07.30 «Маша и медведь»
08.30 «Күліп ALL»
09.00 TikTok шоу
09.30 Time Vine
10.00 «ТелеБинго»
10.25 Х/ф «Хотя бы в кино-2»
12.45 А/ф «Книга джунглей-2»
14.25 КИНО «Дамбо»
16.45 Х/ф. «Исход. Цари и Боги»
19.45 КИНО «Перевозчик-3»
22.00 Х/ф «Призрачный гонщик»
00.20 «Qazaq Stand Up»
01.30 Time Vine
02.30 TikTok шоу
02.30 «31 әзіл»
04.00 1001 Әзіл
04.10 Ризамын
04.30 BalaFunny
05.00What's up?
05.20 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.50 «Келесі кім?»
07.50,00.40 Концерт «15 жыл сахнада!»
09.00 «Юморина»
12.00 Сериал «Пустой дом»
16.00 «Қызықты weekend»
17.00, 02.50 Харекет қорына 5 жыл
19.00 Т/с «Любовь вне конкурса»
23.00 Х/ф «Инстаграммщица»
04.40 «Япырай»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«БЖЗҚ» АҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ ӘЛІ ДЕ ЖОҒАРЫ СҰРАНЫСҚА ИЕ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры 2023 жылдың 12 айында (01.01.2023 жылдан 31.12.2023 жылға дейін) өз салымшыларына 24,8 млн. қызмет көрсетті. Оның ішінде 17,4 млн. қызмет электрондық форматта, 5,5 млн. – автоматты форматта ұсынылды. Күндізгі форматта 1,2 млн. операция жүргізіліп, оның 1 млн. астамы тікелей Қор кеңселерінде іске асырылды.

Өткен жылы ең сұранысқа ие қызметтердің бірі жеке зейнетақы шотының (ЖЗШ) жай-күйі туралы үзінді-көшірмелер беру болды. Барлығы 22,7 млн. астам үзінді көшірме берілді. Оның шамамен 17,3 млн. (немесе 69,8%) - электрондық түрде, тағы 4,7 млн. (19,0%) автоматты режимде салымшылар мен алушылардың мекенжайларына бұрын таңдаған «электрондық пошта» хабарлау тәсілі арқылы жіберілді.

БЖЗҚ сайтындағы және ұялы қосымшасындағы Жеке кабинетте салымшылардың (алушылардың) өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ-ның бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру, төлемге өтініштің мәртебесін қадағалау, жинақтарының бір бөлігін инвестициялық портфельді басқарушыға аудару, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақыны болжамды есептеу және т.б. қызметтерді әлемнің кез келген нүктесінен 24/7 режимінде пайдалану мүмкіндігі бар.

Өткен жылы БЖЗҚ ақпараттық базасында автоматты режимде 352 мыңнан астам жеке зейнетақы шоты (ЖЗШ) ашылды. Бұл мүмкіндікке БЖЗҚ-ның ақпараттық жүйелері мен «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорын интеграциялау нәтижесінде қол жеткізілді. Мемлекеттік дерекқордан БЖЗҚ ЖСН арқылы жаңа салымшылардың барлық қажетті сәйкестендіру деректерін (аты-жөні, туған жылы және т.б.) алады.

Есепті кезең ішінде деректемелерді өзгертуге түскен 327 мың өтініштің 253 мыңы Қор кеңселерінде қабылданды.

БЖЗҚ-ның көшпелі қызмет көрсету бөлімдері - мобильді агенттер мен мобильді кеңсе экипаждары 136 мыңнан астам қызмет көрсетті. Ақпараттық-түсіндіру жұмысы аясында 35 мыңнан астам көшпелі таныстырылым өткізілді. Оған 761 мыңнан астам адам қатысты. Бұқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ хабарламалары бойынша 46 мыңнан астам материал жарияланды.

Салымшылардан кері байланыс арналары бойынша түскен өтініштердің саны - шамамен 750 мың.

Естеріңізге сала кетейік, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мәселелері бойынша таныстырылым жасап, ақыл-кеңес беру жұмыстарын өз кеңселеріне барып өткізуге кез-келген компания өтінім бере алады. Ол үшін жай ғана 1418 нөмірі бойынша Байланыс орталығына қоңырау шалу немесе Қордың сайты немесе ұялы қосымшасы арқылы хабарласу қажет.

Қордың ақыл-кеңес беру қызметтерін 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығынан (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін), www.enpf.kz корпоративтік сайтынан, БЖЗҚ/ENPF ұялы қосымшасынан, +7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боты арқылы және БЖЗҚ-ның Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларынан алуға болады.

АВТОРЛАНУДЫҢ ТАҒЫ БІР ЖЕДЕЛ ТӘСІЛІ ҚОЛЖЕТІМДІ

БЖЗҚ-ның ұялы қосымшасында салымшылар үшін авторланудың тағы бір тәсілі қолжетімді.

Енді ұялы қосымшадағы Жеке кабинетке ЖСН мен парольді пайдалану арқылы ғана емес, сонымен қатар телефонға алдын-ала жүктеп алған «eGov mobile» электрондық үкімет қосымшасы арқылы да кіруге болады.

Әрекеттер алгоритмін ұсынайық. БЖЗҚ ұялы қосымшасына кіргеннен кейін «Кабинет» батырмасын тауып, оған басу керек. Әрі қарай авторланудың «eGov mobile» әдісін таңдап, ЖСН енгізіп, «eGov mobile жүйесі арқылы кіру» батырмасын басыңыз. Осыдан кейін біз «eGov mobile»-да авторлануды растап, БЖЗҚ қосымшасына ораламыз. Мұнда авторланудың сәтті аяқталғаны расталады.

Әрі қарай «Кіру» батырмасын басу арқылы Жеке кабинетке өтіңіз. Барлығы қарапайым және ыңғайлы!

БЖЗҚ-ның ұялы қосымшасындағы Жеке кабинетте авторлану туралы бейнеұсқаулық Қордың YouTube арнасында жарияланған. https://www.youtube.com/shorts/dNQhMougUQo

Қордың ақыл-кеңес беру қызметтерін 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығынан (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін), www.enpf.kz корпоративтік сайтынан, БЖЗҚ/ENPF ұялы қосымшасынан, +7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боты арқылы және БЖЗҚ-ның Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларынан алуға болады.

ОТАНДАСТАРЫМЫЗ 2023 ЖЫЛЫ ЖЕКЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ ШОТТАРЫНА 1,6 ТРЛН. ТЕҢГЕ МӨЛШЕРІНДЕ ТАЗА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІС АЛДЫ

2023 жыл бойына БЖЗҚ салымшыларының шоттарына 1,6 трлн теңге шамасында таза инвестициялық кіріс есептелді. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінің көрсеткіштерінен 685,4 млрд теңгеге немесе 77,7% артық.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша кірістілік 2023 жылы 10,1% құрады. Бұл кезеңдегі инфляция 9,8% мөлшерінде болды. Инвестициялық кіріс қаржы құралдары (бағалы қағаздар, салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі кірістерден, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалаудан, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістерден және т. б. тұрады. ҚР Ұлттық Банкі және инвестициялық кірісті алу мақсатында зейнетақы активтерін басқарушылар болып табылатын инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) зейнетақы активтерін ҚР-да және шетелде экономиканың түрлі секторларының әртүрлі қаржы құралдарына түрлі валюталарда орналастырады. Әртараптандыру зейнетақы жинақтарының сақталуын және орнықты табыстылығын қамтамасыз етеді. Осылайша, портфельді әртараптандыру арқылы 2023 жыл ішінде оң инвестициялық кіріс алынды.

БЖЗҚ зейнетақы активтері ұзақ инвестициялық көкжиекке ие және инвестициялаудың негізгі мақсаты – ұзақ мерзімді кезеңде нақты табыс алу. 1998 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған күннен бастап инвестициялық кіріс 2024 жылғы 1 қаңтарда шамамен 9,4 трлн. теңге болды, ал бүкіл кезең ішінде жинақталған инфляция 754,3% болғанда жинақталған инвестициялық кірістілік өспелі қорытындымен 816,4% көрсетті. Осылайша, ұзақ мерзімді кезеңдегі жинақталған инвестициялық кіріс инфляциядан асып түсті.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда инфляция деңгейін ескере отырып, міндетті зейнетақы жарналарының сақталуына бірегей кепілдік бар. Төлемдер құқығы басталған кезде салымшының жинақталған кірістілігіне әсер еткен жекелеген кезеңде кірістіліктің төмендеуі кезінде де айырмашылықты өтеуге мемлекет кепілдік береді.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алудың бүкіл жүйесі ашық болып табылады: әрбір салымшының enpf.kz сайтындағы жеке кабинетінде немесе мобильді қосымшада өзінің инвестициялық табысын көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың (www.enpf.kz) ресми сайтындағы «Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет» бөлімінде жарияланады.

Көптеген маңызды және пайдалы ақпаратты, соның ішінде жинақтаушы зейнетақы жүйесі сарапшыларының зейнетақы активтерін инвестициялау туралы сұхбатты БЖЗҚ ЕНПФ YouTube арнасынан көруге болады.

"БЖЗҚ" АҚ Баспасөз орталығы

ІС-ШАРА

АРМИЯДА ҚЫЛМЫСҚА ОРЫН ЖОҚ

Үштөбе гарнизонындағы әскери бөлімдердің бірінде «Армияда қылмысқа орын жоқ» атты тақырыпта профилактикалық іс-шара ұйымдастырылды.

Оған Жетісу гарнизоны Әскери полиция бөлімінің алдын алу бөлімшесінің бастығы әділет майоры Нұрбол Зейтинов, Талдықорған гарнизонының әскери прокуратурасының аға прокуроры әділет аға лейтенанты Вячеслав Ким және Талдықорған бөлімінің Оңтүстік өңірлік әскери-тергеу басқармасының аға жедел уәкілі әділет майоры Руслан Долгополов келді.

Шараны өткізудегі мақсат – әскери қызметшілердің санасына жемқорлыққа нөлдік төзімділік қағидасын сіңіру, сыбайлас жемқорлықты ескертудің жаңа әдістері мен тәсілдері, қару-жарақ пен оқ-дәрілер ұрлау қылмыс, сондай-ақ оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою болып табылады.

Әскери полиция бөлімінің алдын алу бөлімшесінің бастығы әділет майоры Нұрбол Зейтиновтың сөзінше, бірлескен жұмыстың басты назары әскери ортада құқық бұзушылықтардың алдын алуға, оларды мүлдем жоюға бағытталған. Осындай игі іс-шаралар әскерде қылмыстылықты азайтуға және олардың алдын алуға бірқатар септігін тигізеді.

Шара барысында қонақтар жеке құрамның қойған сауалдарына жауап берді.

Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі.

КІТАПХАНАДА

Әбділда Тәжібаев туралы сөз болғанда екі дария көз алдыңа келеді. Бірі – Сырдария. Ғасырлар бойы ел мен жерді емізіп, нұр мен нуға ана болып келе жатқан дария... Екінші дария жыр дариясы... Жыр дариясы ұшы қиырсыз қазақ даласын ғана суарып жатқан жоқ, жер-жердің, ел-елдің поэзия мұхитына құйып жатыр. Оның аты – Әбділда Тәжібаев.

ПОЭЗИЯ САҒАТЫ ӨТТІ

Биыл сол дарияның туғанына 115 жыл толып отыр. Ақынның мерейтойына орай ақпан айының 8 жұлдызында Талдықорған қалалық орталық балалар кітапханасында «Толастамас жыр иесі» атты поэзия сағаты өтті.

Поэзия сағаты аясында ақынның өмір белестері мен жүріп өткен жолдарына, шығармаларына шолу жасалды. Сондай-ақ, кешке жиналған оқырмандар ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, «Толағай» ертегісінен үзінділер жатқа айтты.

Кеш соңында мерейтой иесінің шығармашылығы мен өмірбаянына арналған викториналық ойындар ойнатылып, жеңімпаздар марапатталды.

С.ЫНТЫМАҚ,
Талдықорған қалалық орталық балалар кітапханасының бөлім меңгерушісі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

ТЕМІР ҚОРШАУДАН - СӘУЛЕТТІ КЕСЕНЕГЕ ДЕЙІН

Жалғасы. Басы 8-9-бетте

Керімтай бастап, Сейілхан қостап...

Диерменнің тасындай зыр қаққан уақыт тоқтауды білген бе?! Осы екі аралықта зуылдап алты жыл өте шықты. Бір ғана Жетісу өңірінен емес, басқа да аймақтардан баба басына арнайылап зиярат етіп келушілер қатары көбейді. Кесене мен оның төңірегіне бас болып жүрген шырақшыға жайлы қара-жайымен үй салынып берілді. Алайда көктем мен күздегі жауын, қыстағы жиналған қар суынан төбеден тамшы ақты. Күмбез бояуы тозып, қабырға сылағы да әр жерден үгітіле бастады. Сол тұстағы ауданның іскер де білікті басшысы Керімтай Әбдірахманов бастамасымен әрі ұйытқы болуымен 1998 жылдың күзінде сәлпәл асығыстыққа жол берілген кесенеге ағымдық жөндеу жүргізу мәселесі туындады. Бұл шаруа бабаның ұрпағы, кәсіпкер Сейілхан Бековке, жөндеу жұмысын жүргізу «Бастөбе» ЖШС-не (басшысы А.Махмұдов) жүктелді. Істің ілгерілеуі қаржы мен құрылыс материалына қатысты болғандықтан Сейілхан ағамыз аудан мен Талдықорған қаласындағы көмек қолын созады-ау деген мекеме мен серіктестік басшылары алдына әденеше рет баруына тура келді. Іргедегі Елтай ауылындағы ықпалды: С.Қосжанов пен С.Мұқашев сынды ақсақалдарға да жүгінді. Әйтеуір не керек көптеп, көмектеп жүріп әулие кесенесінің кем кетігі бүтінделді. Сыртқы және ішкі төбесі жылтырақ ақ қалайы (цинк) қаңылтырмен көмкерілді. Сыртқы қас беттегі және жаңбыр суымен морылған қабырға қайта сыланды. Ашық терезе сыланды, көздері бекітілді. Құдайы тамаққа арналған жазғы бастырма жаңартылды. Шырақшыға лайықталған екі пәтерлі тұрғын үй салынды. Кесененің алыстан мұндалып тұратын күмбезі ұзақ уақытқа шыдас беретін көк бояумен сырланды. Көптен бері қол жетпей жүрген электр жарығы да тартылды. Заманында тарихи ескерткіштер қатарына жататын кесенені қырлап, сырлап, мұнтаздай етіп күтіп ұстауды әрдайым да ескеру сауапты іс саналса керек. Осы орайда би, әулиенің тікелей ұрпағы, ұлтжанды азамат, химия ғылымдарының докторы, академик Еділ Ерғожин ағайдың жанашыр болуы және өз әулеті атынан демеушілік көмек көрсетуінің арқасында 2004 жылдың жазында Ескелді би кесенесі қайта әрлендірілді. Осы ізгілікті шараға Қаратал мен Ескелді ауданы (әкімі С.Бескемпіров пен С.Дүйсенбінов) азаматтары тартылды. Әрлендіру жұмыстарын В.Стрельцов жетекшілік еткен құрылысшылар бригадасы атқарды. Бұл үшін Талдықорған қаласынан кәсіби шеберлігі жоғары қалайышы ұсталар шақырылды. Олардың ұсынақты қолының көмегімен төбедегі ақ қалайының бір ұшы күмбездің ішкі жағына айналдыра кигізілгеннен соң титтей де саңылау қалдырмай темір шегелеу тәсілімен мықтап бекітілді. Осылайша қыстағы жиналған қар суы мен нөсерлете жауған жаңбыр атаулы шағын науалар арқылы кідіріссіз сыртқа ағатын болды. Күмбез бен шағын мұнараның айшықтары жарқырата сырланды. Кесененің ішкі және сыртқы қабырғалары эстетикалық биік талғамға сай әктелді, сырланды, әрлендірілді.

Бұған қоса кесененің төріне қара мраморлы тақта ілінді. Ондағы: *«Төле бидің кенже қызы Ұланбике - Жылкелдіұлы Ескелдінің анасы Бабалар мен асыл анамыздың әруақтары бәрімізді қолдасын!»* – деген жазба ата-тек тарихынан сыр шертеді. Ішкі кіре беріс есіктің маңдайшасындағы «Жылкелдіұлы Ескелді би» атты мраморлы тақта да көз тартады. Сондай-ақ, Талдықорған-Үштөбе автотрассасының оң және сол жақ қапталына орнатылған, жолаушы біткенге иек астындағы Қызылжар өңірінде Ескелді би кесенесінің орналасқандығынан хабардар ететін әсем көрініс, жоғарғы талғаммен жасалған билборд (суретте) та кесенені кешендік жағынан толықтыра түседі. Билбордтың келесі бетіне жазылған Ескелді бидің ұлағатты сөздерінің де тағлымы зор. «Жақсылық етсең, бүтін ет» дегендей, кесенеге барар жолдағы сай жырасына көктемгі-күзгі тасқынды су алып кетпейтіндей бетонды труба орнату да ескерілді. Әулие бидің аруағына тәу етіліп, құран оқытылатын зал түгелдей дерлік қалың кілемдермен көмкерілді. Тіпті оны ара-тұра шаңынан арылтып отыру үшін шаңсорғыш та қарастырылды.

Сонымен, даңқты бабаларға құрметті перзенттік парыз деп ұғатын Е.Ерғожин сынды біртуар азаматтардың қолдап, қуаттауы арқасында Ескелді әулие кесенесіне қайта әрлендіру жұмыстары жүргізілгеннен кейін туған айдай жаңарып, жасарып, құлпырып сала берді. Елім деген, жерім деген азаматтардың берекелі де көшелі ісіне ризашылық сезімімізді білдіре келіп: *«Алашымның ардақты ұлдарына Алла тағалам қашан да жар бола гөр!»* деген тілекті біз де жеткізгенді жөн санадық. *«Мені ескергендерді, мен де ескеремін»* деген баба сөзі әр жүрекке нұр сәуле болып құйыла бергей, дәйім де. Ізгіліктен із қалар деген осы болса керек.

Ерен туған Еділ аға

Тегі мен туыстығы жағынан Ескелді бидің тікелей ұрпағы саналатын, химия ғылымдарының докторы, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, профессор, Ғылым саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Еділ Ерғожаұлы ағайды сырттай танып, сырттай білетінмін. Әртүрлі деңгейдегі жиындар мен басқосуларда сөзін де тыңдап жүрдік. Бір дастархан басында қатар отырып, дәмдес болу, лебізін тыңдау бақыты 2019 жылдың күзінде бұйырып еді. Оған әулие бабаның бүгінгі көрсе көз тоятын кесенесі төңірегін көріктендірумен айналысқан, талғампаз әрі талапшыл ағамыздың көңілінен шыққан інісі, «Гүлім және К» директоры Қанат Жұлыновтың баба басында құдайлық тамақ беруі себепкер болды. Күн жұма еді. Қанаттың бауыры Болатқали ағаның шақыруымен айтылған уақытында ауданның бас имамы Әбударданмен кесене басына бардық. Қазіргі заман үлгісімен салынған, құдайы тамақ беруге лайықталған ас үйдің қатымхана алдына жиналдық. Көп ұзамай қала жақтан Еділ ағамыздың мінген көлігі көрінді. Шалтата басып өзі де жетті. Бәріміз құрақ ұша амандастық. Өзі бастап төрге оздық. Әбудардан інім Ескелді би мен сол төңіректегі қорымда жатқан аруақтарға арнап құран бағыштады. Ізінше Болатқали ағам Еділ көкемізге алдымен өзін, сосын Қанаттың әкесі Сейдіғали ақсақал мен анасы Майраны таныстырды. Бізді де сөздің арасына қосып жіберді. Ыстық шай ішіп, көңіліміз жадыраған соң әңгіме тізгінін Еділ ағамыз алды. Кесененің төңірегін көріктендіріп, абаттандырумен айналысқан Қанат пен оның құрылысшы жігіттерінің тындырымды іс-қызметіне, мұнан соң Қанаттай тәрбиелі, іскер ұл тәрбиелеген Сейдіғали аға мен Майра жеңгейге ризашылығын білдірді. Баба алдындағы перзенттік парызын абыроймен өтеп, иығынан ауыр жүк түскендігін де ықыластана айтып өтті. Біз тарапынан сөз кезегі тигенде ағамыздың 1980 жылдары іргелі білім қара шаңырағы ҚазҰУ-де факультет деканы, бірінші проректор, ректор болғандығын, ҚазҰУ-ті қалашығының кең қанат жаюына ерекше еңбек сіңіргенін, сонда 1971-1976 жылдары білім алғанымды хабардар еттім. Сол мезет Еділ ағам: *«Біздің университеттің түлегі екенсің ғой»,* – деп ілтипат білдірді. Ғалым, қайраткер аузынан осы лебізді естігенде мерейім кәдімгідей өсіп қалды.

Әйтеуір не керек, Қанат інім жайған сол жолғы дастархан басындағы өрбіген әңгіме, үлкен мен кішінің бір-біріне білдірген ілтипаты, даңқты бабаларға деген құрмет Еділ ағаның елден ерек айтылған естелігі мен тағылымды сөздері айрықша ғанибет болды. Әйтсе де бір басында қаншама атақ дәреже болса да, үлкен жерлерде лауазымы үлкен адамдармен дәмдес болып жүрген ағамыздың қарапайым ел адамдары арасында өзін өте қарапайым ұстауы, сөз тыңдауы, мәнді әңгімелер айтуы көп жанға үлгі, өнеге десе жарасады. Дастарханға бата беріліп, сыртқа шығарда ағамыз жиналғандарға: *«Өзіммен бірге әкелген біраз кітабым автокөлігімде. Ниет етсеңіздер, сол жерде табыстайын»*, – деді. Біз ағаға еріп, сыртқы темір қоршаудан өттік. Сол жолы ағамыздың өмірбаяндық (2 томдық) және із-қызметіне арналған (ҰҒА ғылыми Кеңесінің ұйғарымымен шығарылған, 2 том) кітабын қалап алдын Үштөбеден Алматыға көшерде болашақ ғылым қуатын жас оқырмандар қажетіне жарасын деген ниетпен сол кітапты аудандық орталық және №13 ОМ кітапханасына өткіздім. Пендеміз ғой, тарихи тұлға Ескелді бабамыздың есімін ғылыми айналымға қосқан, ғасырлар сынына төтеп беретіндей еңселі әйтсе де кесенесін қайта салуға ұйытқы болған (Талдықорған ауданы атауын Ескелді деп өзгертуге, оны Үкіметтік деңгейде заңдастыруға жұмсалған күш жігері тіпті ерекше) ардақты ағамыз арамызда алшаңдап жүре беретіндей көрінетін. Әлі де тың, ширақ еді. Алайда сол жылдың соңында (2019 ж.) басталып, 2020 жылдың басында кең етек жайған тәжтажал (короновирус) ауруы бірер жылда сексенге толғалы отырған Еділ ағамызды да шырмаулы торына іліктірді. Әй-шайға қаратпай 2020 жылы ажал құрығына ілікті. Сүйікті ұлы Дәулетке көзі тірісінде айтып үлгерген аманаты бойынша мүрдесін Алматыға емес, Қызылжардағы Ескелді бабасының жанына жерлеуді өтінсе керек. Сол тілегі орындалды (Пандемия карантині салдарынан ағамызды ақтық сапарға шығару мен топырақ салу шарасына қалың жұрт қатыса алмады. Автор). Көп уақыт өтпестен Еділ ағаның басы қарайтылды, би бабасы кесенесі үлгісімен шағын қорғаны тұрғызылды. Ескелді әулиеге зиярат етіп барушылардың арасында Еділ ағамызды танитындар, құрметтейтіндер оның аруағына міндетті түрде құран бағыштайды. Бабамен қатар ұлағатты ұрпағына құрмет көрсетіледі. Ұрпақтар сабақтастығы деген осы болса керек халқымыздың «Әкеңе не жасасаң, алдыңнан сол шығады», – дегені айнақатесіз қайталанды. Білгенге жаңа (XXI ғ.) ғасырда өмір сүріп, қаракет етіп жатқан ұрпақ үшін Ескелді би мен ұрпағы, даңғайыр академик Еділ ағамыз егіз ұғым. Оның туғанына 80 жыл толғанда (2021ж.) Еңбек Қызыл Ту орденді «А.Бектұров атындағы химия ғылымдары институты» АҚ ұжымы көзі тірісінде әлемдік даңққа бөленген академик Еділ Ерғожаұлына «Сезімі ақын, жүрегі батыр ғұлама ғалым» деген баға беріп, ел газетінде танымдық көлемді мақала («ЕҚ», 1.11.2021ж) жарияланды.

Қазіргі заманғы архитектуралық құрылымның озық үлгісіне жататын Ескелді би кесенесінің қайта жаңғырып, түрленіп, сәулеттенуі жолында кейінгі жылдары атқарылған іс-шараның негізгілерін Еділ ағамыз сол жолы хабардар етті. Жергілікті газеттің журналисі Лида Жанбота өз жазбасында кеңінен сөз етті («Бастау»,14.12.2018 ж). Осы айтылған деректерге сүйенсек: *«Ұрпағы ретінде балам Дәулет екеуміз 2014 жылы барлық күшімізді, жиған-тергенімізді салып, баба кесенесін жаңартып, көтеруге кірістік. Іргетасын 1,7 метр қазып, темір мен арматураны қосып, арасына болат сеткаларды салдық. Архитектордың көмегімен жаңа жобасын жасаттырып, жұмысты бастап кеттік. Алматы облысының әкімі А.Баталов алғашқылардың бірі болып қолдады. Құрылыс басында 4-5 айдай болғанымда ұдайы келіп тұрды. А.Баталов бастап қазіргі энергетика министрі Қ.Бозымбаев (бүгінде ҚР Президентінің кеңесшісі) елгезек інім, заңгер М.Рахымбеков, қаржыгер О.Әксікбаев, Парламент мәжілісінің депутаты С.Үмбетов, Қаратал ауданының әкімі Қ.Бисембаев, мәслихат хатшысы Б.Смайылов, Алматы облысы әкімінің орынбасары С.Бескемпіров пен тағыда басқа ыстық қанды, Алаш жанды азаматтар қолдан келген көмектерін көрсетті, аянбады. Негізгі трассадан кесенеге келетін жолға асфальт төселді. Төңірегі қоршалды, абаттандырылды. Оң жақтағы алаңға саялы және қылқан жапырақты ағаштар отырғызылды. Кесене мен қатымхана ортасындағы алаңқайға түрлі-түсті плиталар төселді. Түнемелікте электр жарығы жарқырап тұратындай етілді. Кесененің қос қапталына алтын әріппен жазылған өсиет-өнегелі қара тасты ескерткіш тақта бүгінгі елжанды ұрпағының көмегімен орнатылды. Әйтеуір не керек, даңқты бабамыздың аруағы мен оның есімін қастерлейтін ел-жұртымыз риза болатындай сауапты іс атқарылды»* – деген тебіреністің куәгері боламыз.

«Имандылық – ізгі қасиет», – дейді халқымыз. Биылғы келіп жеткен Ұлу жылының басында өткенімізді емкіріне еске ала отырып, би бабаны бертіндегі темір қоршаудан басталып, қазіргі таңдағы көрікті де көркем, еңселі де сәулетті кесенесін айналу тарихына шама-шарқымызша ой жүгіртіп, ретретімен баяндауға талпындық. Мұндағы мақсат – баба басының қараюына әр заманда кімдердің үлес қосқандығын, кімдердің айрықша еңбек сіңіргенін дүйім жұртқа хабардар етіп, тасқа қашағандай етіп, ақ қағазға түсіру, газет бетінде жариялау еді (жеке кітапша болып шығып жатса тіпті құба-құп). Түптеп келгенде, бар ниет әр жылдары игі шараға қолдау көрсеткен, жәрдемін тигізген азаматтарға алғыс айту, баба кесенесі құрылысы төңірегіндегі тарихи жад пен әділеттілікті сақтау болатын. Қашан да тарих-таразы, халық-қазына болып қала берері ақиқат.

Қараша ҚАРАМАН

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕНПФ

ДОСТУПЕН ЕЩЕ ОДИН МОБИЛЬНЫЙ СПОСОБ АВТОРИЗАЦИИ

В мобильном приложении ЕНПФ вкладчикам доступен еще один способ авторизации.

Теперь войти в личный кабинет в мобильном приложении можно не только используя ИИН и пароль, но и через приложение электронного правительства «eGovmobile», которое необходимо предварительно скачать на телефон.

Представляем алгоритм действий. После входа в мобильное приложение ЕНПФ, находим кнопку «Кабинет» и нажимаем. Далее выбираем способ авторизации «eGovmobile», вводим свой ИИН и нажимаем на кнопку «Войти с eGovmobile». После этого подтверждаем авторизацию в «eGovmobile» и возвращаемся в приложение ЕНПФ, где будет подтверждена успешная авторизация.

Далее через нажатие кнопки «Войти» переходим в личный кабинет. Все достаточно просто и удобно!

Видеоинструкция авторизации в личном кабинете мобильного приложения ЕНПФ доступна на сайте и YouTubeканале Фонда.https://www.youtube.com/shorts/dNQhMougUQo

Консультационные услуги ЕНПФ можно получить посредством мессенджеров(чат-бота в WhatsApp и Viber по номеру +7 777 000 14 18), call-центра по номеру 1418 (звонок по Казахстану бесплатный), на корпоративном сайте enpf.kz, а также на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники.

1, 6 трлн тенге чистого инвестиционного дохода получили казахстанцы в 2023 году на индивидуальные пенсионные счета

За 2023 год на счета вкладчиков ЕНПФ поступил чистый инвестиционный доход в размере около 1,6 трлн тенге, что превышает показатель прошлого года на 685,4 млрд тенге или 77,7%.

Доходность по пенсионным активам ЕНПФ под управлением Национального Банка Республики Казахстан (НБРК) за 2023 год составила 10,1%при инфляции в размере 9,8%. Инвестиционный доход формируется из доходов в виде вознаграждения по финансовым инструментам (ценным бумагам, вкладам и другим операциям), рыночной и валютной переоценки финансовых инструментов, доходов по активам, находящимся во внешнем управлении, и др. Национальный Банк РК и управляющие инвестиционным портфелем (УИП), являющиеся управляющими пенсионными активами, с целью получения инвестиционного дохода размещают пенсионные активы в разные финансовые инструменты различных секторов экономики в различных валютах в РК и за рубежом.Такая диверсификация обеспечивает сохранность и устойчивую доходность пенсионных сбережений. Таким образом за счет диверсификации портфеля в течение 2023 годазаработан положительный инвестиционный доход.

Пенсионные активы ЕНПФ обладают длинным инвестиционным горизонтом и основная цель инвестирования – это получение реальной доходности в долгосрочном периоде. Инвестиционный доход со дня основания самой накопительной пенсионной системы в 1998 году на 1 января 2024 года составил порядка 9,4 трлн тенге, а накопленная инвестиционная доходность за весь период с нарастающим итогом составила 816,4%, накопленная инфляция – 754,3%.Таким образомнакопленный инвестиционный доход в долгосрочном периоде превышает инфляцию.

Напомним, что в Казахстане действует уникальная гарантия сохранности обязательных пенсионных взносов с учетом уровня инфляции. Даже при снижении доходности в отдельном периоде, повлиявшем на накопленную доходность вкладчика при наступлении права на выплаты, компенсация разницы гарантирована государством.

Вся система инвестиционного управления и учета пенсионных активов является прозрачной: каждый вкладчик имеет возможность видеть свой инвестиционный доход в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении.

Информация по инвестиционному управлению пенсионными активами ЕНПФ и о финансовых инструментах, в которые размещены пенсионные активы ЕНПФ, публикуется на официальном сайте ЕНПФ (www.enpf.kz) в разделе «Показатели/Инвестиционная деятельность».

Много интересной и полезной информации, в том числе интервью экспертов накопительной пенсионной системы об инвестировании пенсионных активов, - на YouTube-канале БЖЗҚЕНПФ.

ЭЛЕКТРОННЫЕ УСЛУГИ ЕНПФ ОСТАЮТСЯ НАИБОЛЕЕ ВОСТРЕБОВАННЫМИ

Единый накопительный пенсионный фонд за 12 месяцев 2023 года (с 01.01.2023 по 31.12.2023 г.) оказал своим вкладчикам 24,8 млнуслуг, из них в электронном формате –17,4 млн, в автоматическом – 5,5 млн. В очном формате было проведено 1,2 млн операций, в том числе непосредственно в офисах Фонда более 1 млн.

Одной из самых востребованных в прошедшем году была услуга по выдаче выписок о состоянии индивидуального пенсионного счета (ИПС) – их было выдано более 22,7 млн. Из них порядка 17,3 млн (или 69,8%) - в электронном виде, еще 4,7 млн (19,0%) отправлено в автоматическом режиме на адреса вкладчиков и получателей, выбравших ранее способ информирования «электронная почта».

ЕНПФ напоминает, что в личном кабинете на сайте и в мобильном приложении вкладчики (получатели) имеют возможность воспользоваться такими услугами, как внесение изменений и дополнений в свои реквизиты, получение справки о наличии ИПС, подача заявления о назначении пенсионных выплат в связи с установлением инвалидности 1 или 2 группы бессрочно или по добровольным пенсионным взносам, отслеживание статуса заявления на выплату, перевод части накоплений управляющим инвестиционным портфелем, прогнозный расчет будущей пенсии с помощью пенсионного калькулятора и т.д. в режиме 24/7 в любой точке мира.

За прошедший год в информационной базе ЕНПФ в автоматическом режиме было открыто более 352 тыс. индивидуальных пенсионных счетов (ИПС). Это стало возможным благодаря интеграции информационных систем ЕНПФ и Государственной базы данных «Физические лица», откуда по ИИН Фонд получает идентификационные данные о новых вкладчиках (ФИО, год рождения и т.д.).

На изменение реквизитов всего за отчетный период было принято 327 тыс.заявлений, из них 253 тыс. – в офисах Фонда.

Отделы выездного обслуживания ЕНПФ: мобильные агенты и экипажи мобильных офисов оказали более 136 тыс. услуг. В рамках информационно-разъяснительной работы проведены более 35 тыс. выездных презентаций, на которых присутствовали свыше 761 тыс. человек. В средствах массовой информации было размещено более 46 тыс. материалов по сообщениям ЕНПФ.

Количество поступивших обращений вкладчиков по каналам обратной связи составило порядка 750 тысяч.

Напомним, что любая компания может подать заявку на проведение презентации и консультаций по вопросам накопительной пенсионной системы с выездом в офис, для чего нужно просто позвонить в call-центр по номеру 1418 или обратиться через сайт или мобильное приложение Фонда.

Консультационные услуги ЕНПФ можно получить посредством мессенджеров(чат-бота в WhatsApp и Viber по номеру +7 777 000 14 18), call-центра по номеру 1418 (звонок по Казахстану бесплатный), на корпоративном сайте enpf.kz, а также на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники.

ПРЕСС-ЦЕНТР АО "ЕНПФ"

ДОЛЖНОСТЬ

СЕКРЕТАРЬ СУДЕБНОГО ЗАСЕДАНИЯ

Граждане, которые обращаются в суды для решения споров и конфликтов, защиты своих ущемленных прав и свобод, а также другим причинампервым делом встречается секретарем судебного заседания. Мы своей небольшой статье хотели бы разъяснить роль секретаря судебного заседания в судебном процессе и его функциональных обязанностях. Можно с уверенностью сказать, что работа секретаря судебного заседания очень ответственна, многофункциональна и в то же время интересна. Секретарь судебного заседания является важным звеном в судебной системе Республики Казахстан. С учетом того, что именно секретари судебного заседания являются одними из основных кандидатов на должность судьи, требования к ним обоснованно повышаются. Стоит помнить, что обладающий большим багажом знаний, образованный, грамотный, опытный секретарь судебного заседания сегодня – это квалифицированный судья завтра.

На должность секретаря судебного заседания могут поступать лица с высшим юридическим образованием. При этом соискатель должен отлично знать законодательство Республики Казахстан, нормативно-правововую базу, порядок обработки информации, правила делопроизводства, а также уметь применять данные знания на практике. Среди умений, которые должны быть присущи секретарю – организаторские способности, умение анализировать, разрабатывать план определенных действий, работать с действующим законодательством, быстро реагировать на ситуации и приспосабливаться к ним, грамотно распределять свое рабочее время, а также очень важно владение приемами межличностных отношений. Последнее одно из самых важных качеств секретарей судебного заседания, так как именно они в первую очередь контактируют с участниками по делу и информируют их о дате следующего судебного заседания, о вынесении судебного акта или о готовности протокола судебного заседания и тому подобное.

Так как сегодня в судебной системе происходят масштабные реформы и расширяется сфера применения новых технологий, секретари судебного заседания должны обладать достаточными навыками работы с офисной техникой. В частности, в обязанности секретаря судебного заседания входит: работа с электронными базами данных, в частности с АИАС «Төрелік», «Әділет», подготовка дела к слушанию, обеспечение необходимых мер для вызова в суд лиц, участвующих в деле, путем направления SMS-уведомлений и извещений. Непосредственно в день слушания дела секретарь судебного заседания проверяет явку вызванных участников процесса, исправность аудио-видео аппаратуры в зале заседания, так как судебные дела рассматриваются с применением аудио-видео фиксации, в процессе наблюдает за надлежащей работой фиксирующего оборудования, а по окончании обеспечивает запись файла на носителе и его сохранности до сдачи дела в архив.

Баян ПУЛАТБАЕВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания
СМЭС Алматинской области.

ТРИБУНА СПЕЦИАЛИСТА

РЕГИСТРАЦИЯ ЮРИДИЧЕСКИХ ПРИТЯЗАНИЙ

Согласно пункту 13 статьи 1 Закона Республики Казахстан «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество»(далее - Закон)юридические притязания - юридические факты, которые свидетельствуют об оспаривании третьими лицами либо наличии интереса в отношении прав на недвижимое имущество, сделок с ним.

Статьей 53 Закона предусмотрено, что по заявлению заинтересованных лиц могут быть зарегистрированы юридические притязания, в том числе факт подачи искового заявления, обжалования или опротестования судебных актов, решение об изъятии земельного участка, соглашение (расписка) о задатке, предварительный договор и иные факты.

Для государственной регистрации заинтересованное лицо предъявляет регистрирующему органу документ, удостоверяющий личность, и представляет его копию, а также документ, подтверждающий юридическое притязание.

Государственная регистрация юридических притязаний является учетной и не влечет приостановления государственной регистрации или установления обременении прав на недвижимое имущество.

Снятие юридических притязаний на объект недвижимости осуществляется по заявлению заинтересованных лиц в следующих случаях:

1) если отпали обстоятельства, послужившие основанием для регистрации юридического притязания;

2) по заявлению заинтересованного лица и с согласия лица, по инициативе которого наложено юридическое притязание.

Если по истечении трех лет с момента государственной регистрации юридического притязания оно не было снято, то государственная регистрация юридического притязания отменяется.

Регистрирующий орган уведомляет об этом заявителя не позднее десяти рабочих дней до истечения указанного срока.

Заинтересованные лица могут обратиться с заявлением о продлении регистрации юридического притязания до истечения срока, указанного в части второй настоящего пункта.

Истечение указанного срока не препятствует обращению за повторной регистрацией юридического притязания на недвижимое имущество.

Необходимо отметить, что регистрация юридических притязаний должна быть произведена немедленно с момента поступления заявления в регистрирующий орган.

Тогда как государственная регистрация прекращения юридических притязаний должна быть произведена в течение одного рабочего дня с момента поступления заявления в регистрирующий орган.

Кроме того сообщаем, что в соответствии с пунктом 2 статьи 44Закона государственная регистрация юридических притязаний осуществляется на основании судебных актов, не вступивших в законную силу.

З. АБЗАЛОВА,
главный специалистотдела регистрации
некоммерческих организаций и контроля
в сфере регистрационной службы.
Департамента юстиции области Жетісу

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ШАРА

БОЧЧА СПОРТЫН ДАМЫТУ ШАРАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ, ҚАЗАҚСТАН БОЧЧА ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ МӘУЛЕН ӘШІМБАЕВ ЕЛІМІЗДЕ ПАРАЛИМПИАДАЛЫҚ БОЧЧАНЫ ОДАН ӘРІ ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОТЫРЫСҚА ҚАТЫСТЫ. ІС-ШАРАДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФЕДЕРАЦИЯ МЕН ӨҢІРЛІК ӨКІЛДІКТЕРДІҢ БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫСЫН ӘРІ ҚАРАЙ ЖАНДАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЖАҢА ЖОБАЛАР ТАЛҚЫЛАНДЫ.

Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша елімізде инклюзивті, кедергісіз орта және азаматтарға тең мүмкіндіктер қалыптастыру бағытында кешенді шаралар қабылданып жатқанын атап өтті. Өңірлерде бочча федерацияларының ашылуы және олардың аталған спорт түрін дәріптеуге белсенді қатысуы осындай жүйелі әрі нақты жұмыстың нәтижесі екені анық.

«Өңірлерде жұмысты одан әрі жандандыру параспортшыларымызға көрсетілетін қолдаудың аясын кеңейтеді және боччадан ұлттық құрамаға іріктеу жүргізуге оң ықпалын тигізеді. Былтыр еліміздің Халықаралық бочча федерациясына қосылуы арқылы алдымызға қойған мақсат-міндеттеріміз айқындала түсті. Бұл – біздің ортақ жұмысымыздың нәтижесі. Федерация мен өңірлік өкілдіктерді дамытудың алдағы төрт жылға арналған бірыңғай стратегиясы біздің боччашыларымызға 2028 жылы Лос-Анджелесте өтетін Паралимпиада ойындарына жолдама алуға мүмкіндік береді», деді Қазақстан бочча федерациясының Президенті.

Мәулен Әшімбаев атап өткендей, алда боччаның мәртебесін одан әрі арттыруға және спортшыларды даярлауға қатысты ауқымды міндеттер тұр. Осыған орай Республикалық бочча федерациясының басшысы Қазақстанда аталған спорт түрін дамытудың үш басым бағытын белгілеп берді.

«Алдымен, параспортшыларымыздың әлеуетін арттырып, олардың жарыста жоғары нәтижелерге қол жеткізуіне және халықаралық рекордтар орнатуына қажетті жағдай жасау қажет. Тренингтер мен халықаралық тәжірибені зерделеу арқылы жаттықтырушылар құрамының біліктілігін арттыру да аса маңызды. Екінші бағыт – «Баршаға арналған бочча». Бұл – мүгедектігі бар азаматтарды ортаға бейімдеуге ықпал ететін маңызды қадам. Сондай-ақ спорттағы инклюзивті және интеграцияланған тәсілдің жарқын көрінісі. Осылайша боччаның әртүрлі топтағы адамдар үшін қолжетімді екенін дәріптейміз. Үшіншіден, өңірлерде боччаны дамытудың маңызы зор. Осы бағытта өңірлік федерациялар үлкен рөл атқарады деп сенемін», деді М.Әшімбаев.

Жиынға қатысушылар боччаны одан әрі дамытуға қатысты өзекті мәселелерді талқылап, федерацияларды аккредиттеу, қаржыландыру, инфрақұрылымды жақсарту және ақпараттық-ағарту жұмыстарын күшейту қажеттігін айтты.

Қазақстан бочча федерациясының Бас хатшысы Нұргүл Өлжекова өңірлік федерациялардың қызметі мен жоспарлары туралы баяндама жасады. Бүгінде боччадан ұлттық құрама сапында еліміздің 11 өңірінен (Астана, Алматы, Шымкент қалалары және Қарағанды, Павлодар, Жетісу, Жамбыл, Маңғыстау, Абай, Ақтөбе, Атырау облыстары) 41 спортшы бар.

КҮРЕС

АСТАНАДА КҮРЕС ТҮРЛЕРІНЕН ӨТКЕН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫНДА ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР ТӨРТ КҮМІС ЖӘНЕ БІР ҚОЛА МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ.



ҰЛАНДЫҚ ТӨРТ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ

Елорда төрінде өткен чемпионатта еліміздің 20 өңірінен келген 600-ден астам спортшы бақ сынады. Чемпионаттың бірінші күні 55, 63, 72, 82 келіге дейінгі және олимпиадалық салмаққа жататын – 97 келіге дейінгі салмақ дәрежелерінде медальдар сарапқа салынды.

55 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Алматы қаласындағы 5571 әскери бөлімінің әскери қызметшісі қатардағы Айбек Айтбеков пен 97 келіге дейінгі салмақта бақ сынаған Қостанай қаласындағы 6697 әскери бөлімінің әскери қызметшісі қатардағы Исуф Мациев күміс медаль жеңіп алды. 72 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде күрескен 5571 әскери бөлімінің қатардағы жауынгері Елдос Кемеловке қола медаль бұйырды.

Ал жарыстың екінші күні Ұлттық ұлан құрама командасының қоржыны грек-рим күресінен түскен екі күміс медальмен толықты. Бұл жолы 77 келі салмақта Ұлттық ұлан спорт құрамаларын даярлау орталығының дене шынықтыру және спорт нұсқаушысы ефрейтор Тамерлан Шадукаев пен 63 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Өскемен қаласының 5518 әскери бөлімінің әскери қызметшісі қатардағы жауынгер Диас Әскербай күміс жүлде иегерлері атанды.

«Ұлттық ұланның 27 әскери қызметшісі грек-рим және еркін күрестен сынға түсіп жатыр. Екі күн ішінде біздің жігіттер 5 медаль жеңіп алды. Олардың әрқайсысы бозкілемде шеберліктерін, жоғары дайындық деңгейін және жеңіске деген ұмтылысын байқатты», деді Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығының дене шынықтыру және спорт бөлімінің бастығы полковник Сатжан Әбішев.

Биылғы Қазақстан чемпионатында яғни грек-рим және еркін күресте жеңіске жеткен балуандар Париж-2024 Олимпиада ойындарына жол ашатын лицензиялық турнирлерге қатысуға мүмкіндік алады.

Материалдар egemen.kz. сайтынан алынды.

МЕДИАЦИЯ

БІТІМГЕРШІЛІКТІҢ БІРЕГЕЙ ЖОЛЫ

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ БҮКІЛӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕДЕ МЕДИАЦИЯ ІРІ БИЗНЕСТЕРДЕН БАСТАП, АЖЫРАСУ МЕН ДҮНИЕНІ БӨЛІСУ ДЕГЕН СИЯҚТЫ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ДЕЙІН КЕҢІНЕН ҚОЛДАНЫЛАДЫ.

Халықаралық статистикаға жүгінетін болсақ, бүкіл келіспеушіліктердің 30-40 пайызы мадиация арқылы өткізіліп, ойдағыдай нәтижеге оның 85 пайызы ие болады екен. Алайда, медиация тек жеке құқықтық қатынастарға ғана қолданылады. Ол тараптардың бірі мемлекеттік орган болатын құқықтық жанжалдарға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қолданылмайды.

Айта кетейік, медиацияның мақсаты – дауды шешудің медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу және тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету. Осы орайда сот әділдігін іске асырған қазақ билерінің ел ішіндегі дау-дамайды ушықтырмай, іштей келісімге келтіртіп, шешіп отырғанын атап өту керек. Бір сөзбен айтқанда, басты мақсаты мәмілеге шақыру болып табылатын медиация қазаққа жат ұғым емес. 4 тарау, 28 баптан тұратын «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2011 жылдың 28 қаңтарында қабылданды. Еліміздегі медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ, медиатордың мәртебесін айқындайтын заң қолданысқа енгізілген. Медиаторға жүгіну керек пе, жоқ па дегенді тараптар өзара келісіп шешеді. Мұндай жолмен мәселенің шешілуі мүмкін болмаған жағдайда олардың сотқа жүгіну құқығы сақталады.

Мына бір мәселеге де мән берген жөн. Медиатордың судьядан айырмашылығы – медиатор жанжалға қатысушылармен болатын келіссөздерге белсенді қатыса алады, ал судья мұны жасай алмайды, ол араласпаушылық принципін ұстануға міндетті. Оның үстіне медиация арқылы қарау қысқа мерзімде аяқталады. Сондықтан медиация барлық жағынан сот саласында қолдануға тиімді болып отыр. Тарихта белгілі болғандай ел ішіндегі кез-келген даулы мәселелер мәмілегерлік, өзара түсінушілік, бітімгершілік жолымен шешіліп отырғандықтан ағайындар арасында алауыздық тумай, ұзақ жыл береке-бірлікте өмір сүрген. Кешірімділік, кішіпейілділік ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан. Сондықтан, тараптар татуласудың тиімді тәсілі болып табылатын медиация арқылы бітімгершілікке келіп жататын болса біздің елімізде де сот жүктемесінің азаюына жол ашылары даусыз.

Абзал ӘНУАРБЕК,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы - сот отырысының хатшысы.

ҚОРШАҒАН ОРТА

ТАБИҒАТТЫҢ ӘРБІР МАУСЫМЫ ЕРЕКШЕ БОЛАТЫНЫ СӨЗСІЗ. ӘР МАУСЫМНЫҢ ӨЗІНЕ ТӘН ҚЫЗЫҒЫ МЕН СЕЙІЛ-СЕРУЕНІ БАР. СОНЫҢ ІШІНДЕ ҚЫС МЕЗГІЛІ ДЕ ӨЗІНДІК КІРШІКСІЗ АППАҚ ҚАРЫМЕН, КАҺАРЛЫ МІНЕЗІМЕН, СЫҚЫРЛАҒАН АЯЗЫМЕН ЕРЕКШЕ. БҰЛ МЕЗГІЛДЕ АДАМДАР ТАБИҒАТТЫҢ ҚҰПИЯСЫН, ЕРЕКШЕ БІР ҰМЫТЫЛМАС СӘТТЕРІН ТАМАШАЛАЙДЫ.

ҚЫСҚЫ ОРМАН

Қара жердің бетін басқан аққұба ару сияқты үлпілдеген ақ ұлпа қар айналаға сән бергендей. Әркім бұл мезгілді асыға күтетіні рас. Бірі – шаналарын арқалап, биік жоталарға, таулы қыраттарға бет түзейді. Дала төсінде қолдан сырғанақ жасайтын қызықты кездерде өз алдына бір бөлек әңгіме. Қолдарына шана сүйреген балалар, жүздері күлкіге толы адамдар барлығы бейне бір қыстың суығын емес, оның жылы нұрын, ыстық тартар сәулесін тауып алғандай қуанады.

Қыстың ғажайып ұмытылмас шақтары адам жанына шуағын шашып, нұрын төге түскендей, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды. Ал ормандағы табиғат мүлдем басқаша. Ормандағы аппақ үлпілдеген қардың бетіндегі аңдардың жүріп өткен іздерінің бейнелері, сонымен қатар тыныштық сыйлайтын ормандағы құстардың даусы да адамдарға бір жақсы сезім сыйлайды. Қыста орман ішіндегі табиғат көрінісін сөзбен айту мүмкін емес...

Мерей СЕРДАЛЫ,
«Қапал орман шаруашылығы» КММ II - айналымының орман күтушісі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

КЕРЕК ДЕРЕК

БАЛАҒА ТАҚПАҚ ЖАТТАУДЫҢ ҚАНДАЙ ПАЙДАСЫ БАР?



Балабақшаға баратын балаларға және бастауыш сынып оқушыларына жиі тақпақ жаттауды тапсырады. Кей ата-аналар балаға тақпақ жаттауға көмектесуден шаршайды және оның қандай пайдасы бар екенін түсінбейді. Алайда баламен бірге уақыт өткізіп, оған тақпақ жаттатудың пайдасы көп.

Балабақшаға баратын балалар және бастауыш сынып оқушылары тақпақ жаттау арқылы механикалық есте сақтауды дамытады. Яғни, олар жиі естігенін жаттап алады да, мағынасын түсіне бермейді. Тақпақты есте сақтап қалып, жаттаудың да пайдасы бар. Бірақ оның мағынасын түсініп жаттау одан да пайдалы. Сондықтан да баламен ересек адамның жұмыс істеуі маңызды. Ата-ана баласына сөздердің мағынасын түсіндіріп, тақпақ жаттау процесін қызықты етуге тырысуы керек.

Тақпақ жаттау дикцияны жаттықтырады

Бала отбасының алдында тақпақты қатты дауыспен және анық айтып үйренсе, әдетте ол оны дәл солай көпшілік алдында да айта алатын болады. Уақыт өте бала оны айналасындағылар тыңдау үшін қандай қарқынмен және қандай екпінмен сөйлеу керегін түсіне бастайды. Бұл балаға өмір бойына керек болатын дағдылардың бірі.

Тақпақ жаттау сөйлеуді дамытады

Тақпақта күнделікті әңгімелесуде сирек қолданылатын сөздер кездеседі. Сондықтан тақпақ жаттау арқылы бала сөздік қорын көбейтеді. Ата-ана балаға тақпақ жаттату кезінде антоним, синоним деген не екенін қарапайым мысалдармен түсіндіріп жіберуге болады.

Тақпақ жаттау қиялды дамытады

Баланың тақпақ айтып тұрып, онда айтылғандарды көзіне елестете алуы маңызды. Солайша, ол қиялын дамытады және ақпаратқа анализ жасап үйренеді. Яғни, ол сөздерді суретке, суретті сөзге айналдыра алатын болады. Егер бала тақпақты елестете алмаса, бастапқы кезде ата-анасы баламен бірге отырып, тақпақта айтылған нәрсені қағазға сурет етіп салса болады.

Тақпақ жаттау буындық құрылымды меңгеруге көмектеседі

Балаларға арналған тақпақтар әдетте ырғақты келеді. Оларды жаттау арқылы бала сөздің буындық құрылымын түсіне бастайды. Яғни ол сөздерді буындарға дұрыс бөлуді үйренеді.

Материал massaget.kz.сайтынан алынды.

КӨҢІЛ АЙТУ



Алматы және Жетісу облысының «Құрметті азаматы», Қонаев университетінің профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, білім саласының өркендеуіне зор үлесін қосқан, «Мемлекет және құқық теориясының» кәсіби, мықты маманы **Таужанова Роза Жакыпайқызы** дүниеден озды.

Роза Жакыпайқызы 1954 жылы 9 мамырда (бұрынғы Талдықорған облысы), Еркін ауылында дүниеге келген.

1980-2000 жылдары Талдықорған заң техникумында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. 1995 жылы «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі» иегері атанды. 2000-2020 жылдары Ө. Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясының профессоры қызметін атқарды. Ерен еңбек жолында заң саласындағы мыңдаған шәкіртті тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатты. Ұжым арасында өзіндік орнын қалыптастыра алған абзал ана салиқалы ұрпақ тәрбиелеу жолында көпке үлгі бола білді.


2001 жылы 24 қарашадағы № 4 хаттамасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары аттестаттау комиссиясының шешімімен «Заң ғылымдарының кандидаты» атағын алса, 2015 жылы Ө. Жолдасбековтың 85 жылдық мерейтойына орай «Жолдасбеков төсбелгісімен» және «Қазақстан Республикасы ғылымының дамуы» Д. Қонаевтың 90 жылдығына орай медалімен марапатталды.

Білім беру саласына елеулі үлес қосқан Роза Жакыпайқызы екі баланы дүниеге әкеліп, олардың өмірден өз жолын табуына, қанаттануына аналық махаббатын аямады. Бүгінде балалары әр салада абыройлы қызмет атқаруда. Балаларынан үш бірдей немере сүйді.

Қонаев университетінің ұжымы туыстары мен балаларының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Иманы саламат болып, артында қалған ұрпақтарына мәңгі ғұмыр берсін.

ӨНЕР


«МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары



Әлихан КЕРІМБАЙ



Рамир АФАНАСЬЕВ



Сауран ӨМІРҒАЛИ

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Зарина БЫЖЫБЕК – тілші
Гүлнұр БАЙМҰХАН – тілші

Кезекші редактор: Г. БАЙМҰХАН.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 183
Индекс 15534